

ORLEU

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІ ФАКТОРЛАРЫ

ФАКТОРЫ УСПЕВАЕМОСТИ КАЗАХСТАНСКИХ ШКОЛЬНИКОВ

Астана, 2023

ӘОЖ 371.26
КБЖ 74.202.5
Ф18

Бұл басылым 2022 жылдағы Сорос-Қазақстан қорының қаржылық қолдауымен дайындалды. Жарияланым мазмұнында авторлардың көзқарасы көрініс тапқан, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Рецензент:

Мадеев Сабыржан Маратович
білім беру саласын бағалау жөніндегі сарапшы

Авторлары:

Турсунбаева Ксения, Лавров Никита, Тазабек Шолпан, Темирбекова Асель



АҢДАТПА

Бұл аналитикалық есеп Қазақстандағы жоғары сынып оқушыларының оқу үлгерімінің төмен болу болжаушыларын анықтауға бағытталған сандық зерттеудің нәтижелерін ұсынады. Зерттеу «Өрлеу» БАҰО» АҚ тобының 2022 жылы жүзеге асырған үлгерімі төмен білім алушыларға қатысты жобаның қорытындылары негізінде бастау алды.

Зерттеуге еліміздің барлық аймақтарындағы 107 орта және арнаулы мектептердің 8 және 9-сыныптарында оқитын 20 567 оқушы қатысты. Деректердің статистикалық талдауы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының оқу үлгеріміне әсер ететін болжаушыларды анықтауға мүмкіндік берді. Оқушылардың оқуға деген ынтасының болуы немесе болмауы, өзін-өзі тәртіпке келтіруі, стресске қарсы тұруы, сонымен қатар үйде кітап оқу мәдениеті және қосымша білім алу мүмкіндіктері оқу үлгерімінің ең маңызды болжаушылары болды. Бұл нәтижелер оқушылар мен олардың ата-аналарына, мұғалімдерге, психологтарға, барлық деңгейдегі білім беружетекшілеріне және осы тақырыптық салада жұмыс істейтін басқа да мамандарға арналған ұсыныстарға негіз болды.

Барлық құқықтар сақталған. Дереккөзге сілтемесіз мәтінді көшіруге тыйым салынады.

ӘОЖ 371.26
ISBN 978-601-09-2294-5

Турсунбаева К.А., Лавров Н.А., Тазабек Ш.О., Темирбекова А.Т. Қазақстандық оқушылардың оқу үлгерімі факторлары: аналитикалық есеп. – Астана, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы. – 2023. – 124 б.

© ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІ ФАКТОРЛАРЫ, 2023



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
ЗЕРТТЕУ МӘНМӘТІНІ.....	7
ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ.....	9
ЗЕРТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДЫҚ НЕГІЗІ.....	13
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	16
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	20
ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫМДАР.....	49
ӘДЕБИЕТТЕР.....	57



АЛҒЫС

Авторлар «Өрлеу» БАҰО» АҚ басшылығы – Басқарма Төрағасы Айбульдинов Еламан Канатович пен Басқарма Төрағасының орынбасары Умербекова Сауле Рахимовнаға зерттеуді ұйымдастырушылық қолдау көрсеткені үшін алғысын білдіреді.

Білім беру саласының сарапшысы Каликова Сауле Аманжоловна мен Аязбаева Бота Абеновнаға зерттеудің тақырыптық идеясы, жобаның бүкіл кезеңіндегі кеңесі мен қолдауы үшін алғыс білдіреміз.

Сондай-ақ, Қазақстанның барлық облыс орталықтарындағы «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдарына, атап айтқанда, филиал басшылары мен мониторинг жұмысы секторының мамандарына еліміздің өңірлерінде деректер жинауды ұйымдастыруға және өткізуге тікелей көмек көрсеткені үшін шексіз алғысымызды білдіреміз.

Біз зерттеуге қатысушылардың барлығына – қазақстандық мектептердің 8-9-сыныптарының 20 мыңнан астам оқушысына – талдау, қорытындылар мен ұсыныстар үшін деректер алуға негіз болған сауалнамаға уақыт бөліп, қатысқандары үшін шын жүректен алғыс айтамыз.



КІРІСПЕ

БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес, білім алу адамның негізгі құқығы болып табылады. Бұл пайымдауға МакКоуэн (2010) қарсы шықты, ол осы құқықты негіздейтін білім берудің табиғаты мен сапасы туралы сұрақтар қоя отырып, оқу нәтижелерінің маңыздылығын және білім беру үдерісіне оқушылардың қатысуын мектепке ресми қолжетімділіктен маңыздырақ деп атап көрсетеді. ЭЫДҰ мәліметтері бойынша (2016), ЭЫДҰ елдеріндегі 15 жастағы оқушылардың 28%-ы математика, оқылым және жаратылыстану ғылымдары бойынша базалық деңгейден төмен нәтиже көрсетеді. Бұл алаңдатарлық көрсеткіш кем дегенде әр төртінші оқушы орта мектепте оқу қабілеттерін дамыта алмайтынын көрсетеді. Оқу жетістіктерінің төмен деңгейі бізді оқушылардың оқу іс-әрекетінің сапасына көбірек көңіл бөлуге және олардың оқу мүмкіндіктеріне қандай факторлар мен жағдайлар кедергі келтіретінін зерттеуге мәжбүр етеді, осылайша оқу үлгерімін төмендетеді.

ЭЫДҰ (2016) бойынша үлгерімнің төмен болу мәселесін зерттеуге және оны шешуге кешенді түрде қарау керек деп санайды. Осы көзқарасқа сәйкес, біз екі жылдық зерттеу жобасын бастадық, оның бірінші бөлігінде Оңтүстік Қазақстандағы орта мектеп мен ТЖКБ колледж педагогтері мен директорлармен, сондай-ақ білім алушылары және олардың ата-аналарымен сұхбат және фокус-топтар арқылы білім алушылардың төмен үлгерімінің себептерін білу мақсатында жиналған сапалы кейс-стади деректері зерттелді (Тазабек, Турсунбаева және Щербиков, 2022). Бұл зерттеу жобаның логикалық жалғасы болып табылады, ол үлгерімнің төмен болуының мәселелерін зерттеуге сандық әдістеме тұрғысынан қарауға және білім алушыларға зерделеп назар аударуға мүмкіндік берді. Тұжырымдама бойынша үлгерімнің төмендігі жеке, мектеп және жүйе деңгейлерінде орналасқан бірқатар факторларға негізделген әлеуметтік-экологиялық модель (Bronfenbrenner, 1994) мәнмәтінінде қарастырылады. Үлгерімнің төмен болуының жеке факторлары оқушылардың мінез-құлқы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты. Мектеп факторлары мектептегі саясатқа, тәжірибеге және ресурстарға қатысты. Жүйелік факторлар оқушыны еліміздің барлық білім беру жүйесінің мәнмәтінінде қарастырады.

Кейс-стади зерттеуінен алынған деректер мектеп пен колледж педагогтері мен әкімшіліктің үлгерімі төмен білім алушыларды қалай қабылдайтынын түсінуге және үлгерімі төмен білім алушының болжамды портретін құруға мүмкіндік берді (Тазабек, Турсунбаева и Щербиков, 2022). Сонымен қатар, зерттеу мектептерде үлгерімі төмен білім алушыларды оқыту кезінде қандай күрделі мәселе, тәуекел және әлеуметтік стигмалар («таңбалар») туындауы мүмкін екенін көрсетті. Ең бастысы, зерттеу мұндай білім алушылардың орта білімнен кейін білім алу

траекториялары қалай шектелуі мүмкін екенін көрсетті, өйткені академиялық үлгерімі төмен адамдар одан әрі оқу үшін жоғары оқу орындарын таңдамайды немесе NEET санатына (білім алу, жұмысқа орналасу немесе оқытудың ешбір түрімен айналыспайтын) енеді.

Бұл нәтижелер ЭЫДҰ-ның (2016) үлгерімнің төмендігі қандай да бір тәуекел факторының нәтижесі емес, керісінше оқушылардың өмір бойы әсер ететін әртүрлі кедергі мен кемшіліктердің жиынтығы мен жинақталуы туралы мәлімдемесін дәлелдейді. Дегенмен, көптеген саясаткер мен зерттеушілерде жеке, мектептік және жүйелік факторлар оқушылардың төмен үлгерімінің болжаушылары болуы мүмкін екендігі туралы нақты түсінік жоқ.

Бұл зерттеу алдында жасалған үлгерімі төмен оқушының әлеуметтік-экономикалық сипаттамасына немесе портретіне негізделген (Тазабек, Турсунбаева и Щербачков, 2022). Бұл зерттеудің мақсаты сандық әдістемелік құралдарды пайдалана отырып, осы портретті негіздеу және оқушылардың оқу жетістіктері мен жеке және мектеп ерекшеліктерімен байланысты әртүрлі айнымалылар арасындағы статистикалық байланысты анықтау болып табылады. Бұл көрсеткіштер мұғалім мен мектеп басшыларына оқу үлгерімі төмен оқушыларға жедел қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін профилактикалық диагностика құралы мен алдын алу стратегияларын әзірлеу үшін қажет.

Бұл зерттеу 8-9 сынып оқушыларының үлгерімі мен әртүрлі жеке және мектеп айнымалылары арасындағы статистикалық байланыстарды анықтауға бағытталған.

NEET (ағылш. Not in Education, Employment, or Training) - түрлі экономикалық, әлеуметтік немесе саяси факторлардың әсерінен жұмыс істемейтін, оқымайтын, біліктілігін арттырмайтын жастар ұрпағы.



ЗЕРТТЕУ МӘНМӘТІНІ

2023 жылдың желтоқсанында ЭЫДҰ 15 жастағы оқушылардың математикалық, оқу және жаратылыстану сауаттылығы бойынша білім мен дағдыларын бағалайтын халықаралық тестілеу бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы PISA-2022 (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің нәтижелерін жариялады.

PISA-2022 зерттеуіне 19769 қазақстандық оқушы қатысып, тест нәтижелері бойынша Қазақстан математика және жаратылыстану бойынша үздік елу елдің қатарына енді (OECD, 2023). 81 елдің ішінде Қазақстан математикадан 46-шы (2018 ж. 54-ші), оқылымнан 61-ші (2018 ж. 69-шы) және жаратылыстанудан 49-шы (2018 ж. 69-шы) орынды иеленді. Қазақстандық мектеп оқушыларының PISA-2022 бойынша орташа балдары: математикалық сауаттылық – 425, жаратылыстану сауаттылығы – 423 және оқылым – 386. PISA-2022 нәтижелерін ескере отырып, 2008 жылдан бері қазақстандық білім алушылардың зерттеу циклдерінің динамикасындағы біршама ілгерілеушіліктеріне қарамастан, 2-ші қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды орындай алмаған (мүмкін 6 деңгейден) Қазақстандағы және ЭЫДҰ орташа көрсеткішіндегі оқушылардың үлес салмағының айтарлықтай айырмашылығына назар аудару қажет. Сонымен, оқу сауаттылығы бойынша қазақ мектеп оқушыларының 64%-ы бірінші деңгей дағдыларын (қарапайым мәтіндерді түсіну және түсіндіру, қарапайым синтаксистік құрылымдарды құру және оқу мақсатына шектеулі зейін қоюдың негізгі қабілеттері) меңгергендігін көрсетті (ЭЫДҰ – 26%). Математикалық сауаттылық тұрғысынан қазақстандық балалардың 50%-ы нақты нұсқауларды орындай алады, қарапайым есептерді шеше алады және негізгі алгоритм мен формулаларды қолдана алады (ЭЫДҰ – 31%). Ғылыми сауаттылық дағдыларының ішінде қазақстандық қатысушылардың 45%-ы қарапайым ғылыми құбылыстарды тану немесе олардың түсіндірмелерін табу, деректердегі қарапайым заңдылықтарды анықтау, негізгі ғылыми терминдерді тану және ғылыми әрекеттерді орындау үшін нақты нұсқауларды орындау қабілеттерін көрсетті (ЭЫДҰ – 24%).

Республикалық деңгейде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы бойынша қолжетімді зерттеулерден білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторинг нәтижелерін қарастырайық. (МОДО-2023). Соңғы екі жылдағы (2022-2023 жж.) ББЖМ нәтижелерін салыстыра отырып, тоғызыншы сынып оқушыларының үлгерімінің төмендеуі байқалады (қатысушының орташа балы 2022 жылы – 47,3, 2023 жылы – мүмкін болатын 75-тен 36,8 балл). 2023 жылғы мониторингке қатысқан 17401 оқушының 9-сынып оқушыларының 49%-ы орташа балға қол жеткізді. PISA-2022 көрсеткіштерінен өзгеше, ББЖМ-2023 бойынша үш тестілеу бағытында салыстырмалы түрде оқу сауаттылығында тапсырманы сәтті орындау байқалады (тапсырманы орындау – 55,8%); математикалық

және жаратылыстану сауаттылығы бойынша тапсырмаларды орындау пайызы сәйкесінше 48,2% және 43,1% құрайды.

Нақты зерттеу пәні мен әдістемесі (циклдік, мектептер мен қатысушыларды іріктеу, деректерді жинау және талдау) бар халықаралық және мониторингтік зерттеулердің деректеріне қоса, біз Қазақстан Республикасының Ұлттық білім беру деректер базасынан (ҰББДБ) 8-9 сынып оқушыларының жалпы үлгерімі туралы деректерді ұсынамыз. 2023 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша, ҰББДБ мәліметтері бойынша, Қазақстандағы 8-9 сынып оқушыларының 39%-ы үлгерімі төмен (Таблица 1). Бұл есеп бойынша үлгерімнің төмен болуының көрсеткіші оқушының мектептегі барлық пәндер бойынша «қанағатты» және «екіге оқитын» бағасына тең қорытынды бағасы болып табылады (ҰББДБ, 2023).

1-кесте. – Қазақстандағы 8-9 сынып оқушыларының жалпы санынан үлгерімі төмен оқушылардың үлесі.

Абай облысы	38%
Ақмола облысы	39%
Ақтөбе облысы	45%
Алматы облысы	36%
Атырау облысы	43%
БҚО	45%
Жамбыл облысы	34%
Жетісу облысы	36%
Маңғыстау облысы	40%
Қарағанды облысы	47%

Қостанай облысы	53%
Қызылорда облысы	35%
Павлодар облысы	47%
СҚО	51%
Түркістан облысы	34%
Ұлытау облысы	41%
ШҚО	36%
Алматы қаласы	35%
Астана қаласы	35%
Шымкент қаласы	46%

Бұл 8-9-сыныптардағы үлгерімі төмен оқушылардың көрсетілген пайызын азайту үшін ағымдағы шешімдердің қажеттілігін көрсететін жеткілікті жоғары үлес, өйткені бұл кезең оқушының одан әрі білім алу траекториясын анықтауда маңызды.



ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Педагог пен зерттеушілер көптеген жылдар бойы оқушылардың оқу үлгерімін анықтайтын әртүрлі жеке және контекстік факторларды зерттеуге қызығушылық танытып келеді. Ең танымал теориялардың кейбірі – мақсатқа жету теориясы, өзін-өзі анықтау теориясы, әлеуметтік оқыту теориясы және әлеуметтік-экологиялық модель.

Мақсатқа жету теориясы оқушылардың оқу жетістіктері олардың тұлғалық факторларымен, яғни олардың жеке мақсатқа бағдарлануымен және өзін-өзі анықтауымен байланысты екенін түсіндіреді. Теория жеке мақсатты екі негізгі категорияға бөледі, атап айтқанда, меңгеру мақсаты (тұлғаны жетілдіру және өз мүддесі үшін білім алу мақсаты) және нәтижелік мақсаты (академиялық нәтижелер бойынша басқалардан озу). Мақсаттардың бұл екі түрі балаларға олардың дамуы мен оқуына (күрделі тапсырмаларды түсінуге және орындауға) көмектеседі және оларды академиялық деңгейде сәтсіздікке ұшыраудан сақтайды (басқалардан озу) (Ames, 1987; Elliot, 1999; Maehr & Zusho, 2009). Мақсатқа жету теориясына негізделген эмпирикалық зерттеулер, меңгеру мақсаты оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, олардың өзіндік тиімділігін, өзін-өзі анықтауын және танымдық дағдыларын арттыратынын, ал нәтижелік мақсаты табысқа жету үшін қабілеттерді жүзеге асыруға бағытталғанын көрсетті (Elliot, 1997; Elliot & Harackiewicz, 1996). Меңгеру мақсаты мен жетістік мақсаттарының біріктіруі жалпы оқу жетістіктеріне ықпал етеді (Elliot, 1997). Мақсатқа жету теориясы оның кеңірек қолданылуы үшін сынға алынды, себебі оның басты назары жеке деңгейдегі жетістіктің тұлғааралық болжағыштарына бағытталған. Сонымен қатар, бұл теория балалардың оқу үлгерімін жан-жақты түсіндіру үшін кең деңгейлердегі бірнеше болжамды есепке ала алмады (Harwood et al., 2000).

Өзін-өзі анықтау теориясы мотивацияның алғышарттарына негізделген әрі оқушылардың сабақтағы үлгерімін түсіндіреді. Теория барлық оқушыларда оқуға қатысудың жақсырақ болуы мен мектептің дұрыс жұмыс істеуі үшін уәждемелік негіз болып табылатын, туа біткен өсуге бейімділік (ішкі уәждеме) бар деп болжайды (Deci & Ryan, 1980, 2000; Ryan & Deci, 2002). Бұл теорияға сәйкес мұғалімдердің уәждемесі және мектептегі қолайлы жағдайлар (сыртқы уәждеме) оқушылардың ішкі уәждемелік ресурстарын одан әрі арттыруды қамтамасыз етеді және олардың жоғары сапалы қатысуына ықпал етеді, сондықтан оқушылардың оқу жетістіктері ішкі де, сыртқы да уәждемелік себептерге байланысты (Reeve & Halusic, 2009). Бұл уәждемелік феномен өзін-өзі анықтау теориясын бес байланысты басқа теориялармен бірге енгізеді және түсіндіреді, атап айтқанда, негізгі қажеттіліктер теориясы, органикалық интеграция теориясы, мақсат мазмұны теориясы, когнитивті бағалау теориясы және себеп-салдарлық бағдар теориясы:

- Негізгі қажеттіліктер теориясы психологиялық қажеттіліктерге (автономия, құзыреттілік және байланыстылық) назар аударады және ішкі уәждеменің, позитивті белсенділіктің, тиімді жұмыс істеудің және психологиялық әл-ауқаттың маңыздылығын көрсетеді (Vansteenkiste et al., 2020).
- Органикалық интеграция теориясы сыртқы уәждеме мен оның оқушылардың академиялық әлеуметтенуімен байланысын түсіндіреді (Ryan & Connell, 1989; Ryan, 1993).
- Мақсат мазмұны теориясы ішкі мақсаттар психологиялық әл-ауқатты қалай қолдайтынын, ал сыртқы мақсаттар психологиялық күйзелісті қалай тудыратынын анықтау үшін ішкі және сыртқы мақсаттарды салыстырады (Ryan et al., 1996).
- Өзін-өзі анықтау теориясынан шыққан когнитивтік бағалау теориясы сыртқы мақсаттардың ішкі уәждемеге оң және теріс әсерін болжау үшін дамыған.
- Себеп-салдар теориясы өзін-өзі анықтау теориясының бесінші тармағы бола отырып, оқушылардың уәждемесі мен қатысуы жағынан жеке айырмашылықтарын анықтайды. Бұл сондай-ақ кейбір оқушылардың дербестікті қалайтынын, ал басқалары бақыланатын ортада жақсырақ оқитынын көрсетеді (Deci & Ryan, 1985).

Дегенмен, өзін-өзі анықтау теориясының концептуалды негіздері сынға ұшырайды, себебі эмпирикалық зерттеулер сыйақылардың уәждемеге зиянды әсер келтіретінін тапты. Сонымен қатар, бұл теорияның күрделі әлеуметтік оқиғаларға байланысты болғандықтан шынайы өмірде қолданылуы күмәнді болып саналады. Оның үстіне, адамдардың кәсіби өмірінің көп бөлігін құрайтын күрделі міндеттер контекстіндегі марапаттаулардан туындаған уәждеме қысқа мерзімді және үстірт болып табылады. Сыйақыларға шамадан тыс назар аудару шығармашылық пен шынайы белсенділікке де зиян тигізеді. Осылайша, өзін-өзі анықтау теориясына қатысты сындар адамдардың ортақ мақсаттарға жету үшін өз бетінше және шығармашылықпен әрекет ету үшін еркін сезінетін ортаны құру қиын екенін дұрыс айтады.

Әлеуметтік оқыту теориясы 1960 жылдары Альберт Бандура жүргізген эксперименттерге негізделген. Бұл теория әлеуметтік оқыту басқалармен бақылау және өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатынын анықтауға тырысады. Бұл теория кейінірек «әлеуметтік когнитивті теория» деп аталды және оқыту процесі белгілі бір қылыққа әкелетін адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асатынын ұсынды. Адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы белгілі бір қылықтың дамуын ынталандырады, ал бұл тұлға мен қоршаған ортаға әсер етеді. Олай болса, оқу процесі Бандура өзара детерминизм деп атайтын осы факторлардың күрделі өзара әрекеттесуі болып табылады (Bandura, 1977, 1986). Сонымен, оқу жетістіктерін қалыптастыратын тек оқушылардың өз қабілеттеріне

деген сенімі ғана емес, сонымен қатар, балалардың оқу нәтижелерін қалыптастыруда отбасының, мектептің, көрші қоғамның әлеуметтік ортасы мен құрдастар арасындағы қарым-қатынастың да маңызды (Blazević, 2016).

Әлеуметтік оқыту теориясы оқу әрекетінің эмоционалдық немесе уәждемелік негізін елемегені үшін сынға ұшырады. Сонымен қатар, бұл теорияның операциялануы да жалпы күмән тудырады. Теорияның кейбір ережелері эмпирикалық зерттеулермен жоққа шығарылады, мысалы, «қоршаған орта автоматты түрде адамдағы өзгерістерге әкеледі» деген болжам әрқашан дұрыс бола бермейді. Оның үстіне тұлға, қоршаған орта және қылық факторлары нақты оқу әрекетіне қаншалықты әсер ететіні белгісіз. Сонымен қатар, теория биологиялық детерминизм мен физикалық жетілудің оқуға әсерін елемейді (Flamand, 2014).

Негізгі тақырыпты талқылап және жоғарыда аталған теорияларды сынай отырып, оқу жетістіктеріне ықпал ететін әрі оқушылар арасындағы теріс білім беру нәтижелерін шектейтін көптеген қатынастарды түсінуге көмектесетін теоретикалық модельге назар аударған жөн.

Осыған байланысты кеңінен қолданылатын теориялардың бірі – ол Ури Бронфенбреннердің (1994) баланың әртүрлі деңгейдегі дамуда түрлі факторларын түсіндіретін экологиялық жүйелер теориясы (немесе баланың әлеуметтену және дамуы теориясы). Бұл модель қоғамда өмір сүретін әрбір адамның қоршаған ортасын жеке бақыланатын қабаттар ретінде бейнелейді. Жеке қарым-қатынастардың, әлеуметтік жағдайлар мен институттардың өзара әрекеттесуінің көп деңгейлі моделі оқушының мінез-құлқын, оқуға деген ынтасын және оқу үлгерімін қалыптастырады (Nash, 2002; Crosnoe, 2004; Kowaleski-Jones et al., 2006).

Бұл теория бала дамуының экологиялық ортасын төрт жүйенің өзара әрекеттесуінде білдіреді: микродеңгейлі жүйе – баланың отбасы; мезодеңгейлік жүйе – оқушы тұратын және өзара әрекеттесетін орта (үй, мектеп және тұрғылықты жері). Микро- және мезо-деңгейлі жүйелер баланың оқуы мен жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Жүйенің қалған екі деңгейі – экзо деңгейі (ересектерге арналған қоғамдық ұйымдар) және макродеңгей (мәдениет, саясат және ресурстар) – балаларға тікелей әсер етпейді, ал балалар бұл деңгейлерде тікелей қатыспайды (Rathus, 2006; Donald et al., 2010; Chinyoka, 2013).

Эмпирикалық зерттеулер Бронфенбреннердің әлеуметтік-экологиялық моделінде жүйелі түрде қамтылған балалардың оқу үлгерімінің көптеген детерминанттарын анықтады (McCoy, 2005; Maina, 2010). Соның ішінде ата-ананың қолдауы мен отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең маңызды факторлар болып көрінеді (Thapa et al., 2013). Дегенмен, ата-ананың қолдауы балалардың оқу жетістіктеріне көбірек әсер ететіні анықталады, тіпті кейбір жағдайларда ол әлеуметтік-экономикалық жағдайдың оқушының оқу жетістіктеріне деген жағымсыз әсерін өтеуі мүмкін.

58 зерттеудің мета-талдауы ата-ананың әлеуметтік-экономикалық жағдайы (білімі, кәсібі және табысы) оқу жетістіктерінің ең күшті болжамшысы екенін, ал әлеуметтік-экономикалық статустың төмендігі оқушылардың оқу үлгерімінің төмендеуімен байланысты екенін көрсетті (Sirin, 2005; Liu & Lachman, 2019). Зерттеушілердің пікірінше, жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебе ата-ана тәрбиесі стилі, үй, мектеп және балалар тұратын аймақ, оқушының құрбылары, қауіпсіз өмір және қолдау көрсететін мектеп ортасы сияқты басқа микро деңгейлі айнымалылармен тең. Тұрғылықты жері, медициналық көмекке қол жетімділік, білім беру және демалыс қызметтеріне қол жетімділік жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебенің функциялары болып табылады. Сабаққа жиі қатыспау және нашар оқу үлгерімі әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасыларға тән (Otite & Ogionwo, 2005; Wamichwe, 2017). Гендер - бұл ерлер мен қыздардың оқу үлгерімін ажырататын тағы бір фактор. Ер адамдар әйелдерден артық болып саналатын патриархалдық қоғамға қарағанда, эгалитарлық қоғамдағы гендерлік айырмашылықтар азырақ (CDEG, 2011; UNGEI, 2012). Сонымен қатар, академиялық оқытудың кейбір аспектілері, мысалы, мектепке қатысу, өзін-өзі бағалау және оқуға деген құлшыныс ұлдарға қарағанда қыздарда жоғары болды. Дегенмен, патриархалдық отбасылардағы әлеуметтік-экономикалық жүйе қыздарға қарағанда ұлдарға қолайлы болды және олардың жоғары оқу үлгеріміне қол жеткізуіне қолдау көрсетті (Warrington et al., 2000).



ЗЕРТТЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Бұл зерттеуде академиялық үлгерім оқушының оқу үдерісіндегі жетістіктері мен үлгерімінің өлшемі ретінде анықталады, әрі әдетте оның бағалары, емтихан нәтижелері және оқу материалын сәтті меңгеру және қолдану қабілеті арқылы көрінеді. Оқу үлгерімі білім беру бағдарламасы аясында білім алушының білімі, іскерлігі мен дағдысына қарай бағаланады. Академиялық жетістік «білім беру көрсеткіштеріне қол жеткізуді» білдіреді, сондықтан оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналар мен білім беру ұйымдарының білім берудегі күш-жігерінің басым бөлігі ұлттық дамудың берік негізін қамтамасыз ететін және қазіргі заманғы әлемнің сын-қатерлеріне жауап беретін білім беру мақсаттарына қол жеткізуге негізделген (Ali et al., 2009; Atkinson et al., 2015; Farooq et al., 2011). Стандартталған тестілер мен емтихандар арқылы оқу үлгерімін өлшеу және оны бағалау жүйесі немесе пайыздық жүйе арқылы өлшеу қабылданған бір норма болып табылады (Santrock, 2006).

Жақсы академиялық үлгерім дамудың сәтті траекторияларымен және ұзақ мерзімді өмір нәтижелерінің жақсаруымен байланысты. Керісінше, төмен академиялық үлгерім өмірге бейімделудің нашарлауымен және қызметтер мен мүмкіндіктерге қол жетімділіксізімен, немесе кейінгі өмірде жалақысы мен сыйақысы аз, әрі өнімділігі төмен жұмысқа кіруімен байланысты. Бұған қоса, елде академиялық біліктілігі төмен адамдар саны көп болса, оның өнімділікті арттыратын технологиялар мен инновациялық жұмыс тәжірибесін қабылдау мүмкіндігі азаяды, бұл сайып келгенде, елдің әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне байланысты халықаралық рейтингтердегі төменгі орынға әкеліп соқтырады (OECD, 2018).

Кедей және дамушы елдердегі оқушылардың оқу жетістіктерінің төмендігінің себептері дерлік ұқсас. Оқушылардың оқу үлгеріміне бірнеше факторлар әсер етеді. Бұл факторларға жеке өмір, әлеуметтік, экономикалық және институционалдық факторлар жатады. Баланың оқу жетістігінің ең маңызды болжаушыларының кейбіріне жататын факторлар – ол мектепке қатынау, оқушының оқуға деген қызығушылығы, еңбексүйгіштігі, адалдығы, өзіне деген сенімділігі, отбасының қолдауы, отбасындағы тәрбиелік мәнер, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мектеп ортасы мен өмір сүру жағдайлары, құрбыларының ықпалы және ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысуы (Jesus et al., 2009; Bhavani & Amuthavally, 2016; Olalekan, 2016; Wong et al., 2018). Сол сияқты, оқушылардың оқу үлгеріміне сынып көлемі, оқыту әдістері, мұғалімнің мүмкіндіктері және мектептің оқу ортасы да әсер етуі мүмкін (Radhika, 2018).

Жоғарыда айтылғандай, бұл зерттеу оқушылардың мінез-құлқын, оқуға деген уәждемесін және оқу жетістіктерін қалыптастыратын мектептердегі жеке қарым-қатынастар мен әлеуметтік жағдайлардың көп деңгейлі модельдерін біріктіретін Ури Бронфенбреннердің (1994) экологиялық жүйелер теориясына негізделген.

Оқу үлгермеушілігінің жеке факторлары – бұл оқушының мінез-құлқы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты факторлар. Мінез-құлық оқушының оқу процесіне қатысуы мен қызығушылығын, сонымен қатар мектеп әрекетінен шеттетуге әкелетін әлеуметтік ауытқуларды білдіреді. Оқушының әлеуметтік-экономикалық жағдайына мектептегі бұрыңғы тәжірибесі (мысалы, мектепке дейінгі білім беру мекемесіне бару, қосымша сабақтар мен жеке репетиторларға қолжетімділік), физикалық және психикалық денсаулығы, сондай-ақ оның отбасының әлеуметтік және қаржылық жағдайы сияқты факторлар кіреді.

Мектепішілік факторлары мектеп саясатына, тәжірибесіне және ресурстарына байланысты себептер, мысалы, мектептегі және оқушының сыныбындағы климаты, әртүрлі үйірмелер мен қосымша секциялардың болуы, мұғалімдердің сапасы, сонымен қатар мектептің қажетті оқу құрал-жабдықтарымен жабдықталуы. Мектепішілік факторлардың деңгейі оқушының мектепте болуын, яғни оқушының оқу орнында өзін қаншалықты жайлы сезінетінін және оның оқу қабілеттерінің дамуына қаншалықты ықпал ететінін ескереді. Жүйелік факторлар білім алушыны елдің бүкіл білім беру жүйесінің, сондай-ақ білім берудің ұлттық саяси күн тәртібінің контекстінде қарастырады. Факторлардың бұл деңгейіне оқу жоспары мен қорытынды біліктілік емтихандары жүйесі кіреді. Сонымен қатар, еңбек нарығының құрылымы да оқушының академиялық траекториясын, оның кәсіптік бағдарын және мансаптық үміттерін анықтайтын маңызды фактор болып табылады.

Жүйелік факторларды талдау бірқатар себептерге байланысты осы зерттеудің нәтижелеріне қосылмағанын атап өткен жөн. Біріншіден, мектептегі білім беру секторының институционалдық және нормативтік-құқықтық базасын бағалау жеке үлкен зерттеу болып табылады және ағымдағы жобаның мақсаттары мен ауқымына кірмейді. Екіншіден, әр оқушының жеке параметрлерінің айтарлықтай санын және жақын ортасын қарастыратын, әрі әрбір оқушының үлгеріміне қатысты түкел факторларын бағалайтын әдіс-құрал шығару жұмысымыздың нәтижесі болуда, ал білім беру ортасы аумақтар мен аймақтардағы, тіпті жалпы елдегі барлық оқушылар үшін біртекті. Дегенмен, жүйелік факторларды ескермесек те, біз белгілі бір жағдайларда ықпал ететін тағы бір көмекші блокты анықтадық – ол отбасынан тыс достарды қамтитын «ішкі шеңбер». Сонымен, оқушылардың үлгеріміне әсер ететін жеке

факторларды анықтау үшін үш блок негізге алынды, атап айтқанда: оқушының жеке ерекшеліктері (оқуға қабілеттілігі, қызығушылығы, әл-ауқаты және т.б.), жақын адамдары (ата-анасы/қамқоршысы, туыстары, достары және т.б.) және мектеп ортасы (мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасы, сыныптағы психологиялық климаттың жайлылығы және т.б.).



ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ

Бұл зерттеу 8 және 9 сынып оқушыларының оқу үлгерімін зерттейтін екі жылдық зерттеу жобасының екінші кезеңін білдіреді.

Алдыңғы кезеңде «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ы кейс-стади форматында үлгерімі төмен оқушылар туралы тереңдетілген зерттеу жүргізді. Нысаналы іріктеу әдісі арқылы Шымкент қаласы мен оған жақын аудандарда 4 орта мектеп пен 2 колледж анықталды. Зерттеу нәтижелері мектептегі білім беру және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде орын алған олқылықтарды анықтады, осының аясында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, әсіресе 8-9 сыныптарда әлі де өзекті мәселе болып қала береді. Фокус-топтар мен оқушылармен, мектеп және колледж өкілдерімен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері жобаның осы кезеңіне арналған сауалнаманы әзірлеуге негіз болды.

ЗЕРТТЕУ ҚҰРАЛЫ

Далалық зерттеуді жүргізу үшін сауалнамалар мен ақпараттандырылған келісім нысандарын қамтитын қажетті құралдар әзірленді. Ақпараттандырылған келісім нысандары ғылыми этиканың халықаралық қағидаттарын ескере отырып, қазақ және орыс тілдерінде құрастырылды және де зерттеу барысы, қатысушылар үшін тәуекелдер мен пайдалар туралы барлық қажетті мәліметтер мен түсініктемелерді қамтиды, бұл олардың хабардар және ерікті қатысуын қамтамасыз етті.

Сауалнамалар зерттеу мақсатына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде әзірленді, әрі әдеби шолу мен Өрлеудің «Үлгерімі төмен білім алушылар: диагностикасы, қауіп факторлары, қолдау көрсету» атты зерттеудің нәтижелеріне негізделген (Тазабек, Турсунбаева и Щербиков, 2022). Сауалнама сұрақтарын құрастыру үшін оқу үлгерімінің болжаушылары бойынша бұрын жүргізілген сандық зерттеулерге негізделген халықаралық ғылыми әдебиеттердің мета-талдауы жасалды. Мета-талдау 1992 және 2019 жылдар аралығында жүргізілген және жарияланған 49 зерттеуге негізделген.

Зерттеу деректерін талдау кезінде тәуелсіз және тәуелді айнымалылар арасында 120 байланыс анықталды, мұнда тәуелді айнымалы оқу үлгерімі болды, ал тәуелсіз айнымалылар оқушылардың жеке және білім беру тәжірибесіне қатысты әртүрлі факторлар болды. 49 зерттеу бойынша жалпы іріктеу көлемі Еуропа, Азия, Солтүстік Америка, Африка және Австралияның 25

түрлі елінен таңдалған 600 мыңнан астам жоғары сынып оқушыларын құрады. Зерттеулердің көпшілігі академиялық үлгерімді орташа балл тұрғысынан қарастырды.

Кең ауқымды сауалнама жүргізер алдында деректерді жинау құралын алдын ала бағалау және тестілеу мақсатында Астана қаласының екі мемлекеттік жалпы білім беретін мектебінде пилоттық сауалнамалар жүргізілді.

Пилоттық сауалнама деректерінің терең және құрылымдық талдауы жиналған нәтижелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді және зерттеудің келесі кезеңі үшін сауалнаманы жетілдіруге негіз болды.

ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

Үлгіні құрастыру үшін Республикадағы мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің толық тізімі талданды. 8-9-сынып оқушылары мақсатты аудиторияны пропорционалды түрде білдіруі үшін 8-9-сынып оқушылары санына, мектептердің аумақтық тиесілілігіне және оқыту тілдеріне қарай мектептер саны есептелді.

Нәтижелердің жалпылануы мен әзірленген диагностикалық құралдың сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратификацияланған кездейсоқ іріктеу әдісімен Қазақстанның 17 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаладан (Астана, Алматы, Шымкент) 107 мектеп таңдалды. Сауалнамаға 8-9 сыныптардан барлығы 20567 оқушы қатысты, оның ішінде 46,4%-ы ұлдар, 53,6%-ы қыздар, 77,3%-ы қаладан, 22,7%-ы ауыл мектептерінен болды.

Оқушылардың үлгерімін бағалау үшін респонденттерге олардың бірқатар бағыттар бойынша, яғни жаратылыстану, математика, гуманитарлық ғылымдар және тіл циклдері бойынша қалай оқитыны сұралды. Жалпы, мектеп оқушыларының 27,8%-ы «негізінен өте жақсы», 55,4% – «негізінен жақсы», 16% – «негізінен қанағаттанарлық» және 0,8% – «негізінен қанағаттанарлықсыз» оқитыны туралы жауап берді. Бұл жерде тақырып пен респондент категориясының ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік күтілетін жауаптар құбылысын ескеру қажет (Steenkamp et al., 2010).

ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Сауалнама нәтижелерінің алғашқы талдауы үшін сандық әдістер қолданылды. Бірінші кезеңде жеке тұжырымдардың барлық пәндер бойынша мектеп оқушыларының орташа арифметикалық бағасымен байланысы бағаланды. Осы мақсатта Спирменнің жұптық корреляция коэффициентін

есептеу әдісі қолданылды, оның нәтижесі бойынша 70 мәлімдеме жоғары, орташа, төмен және кестеде ұсынылған басқа факторларға бөлінді.

Екінші кезеңде SPSS бағдарламасында зерттеу тапсырмасына қол жеткізу үшін ұсынылған сұрақтардың сенімділік дәрежесін анықтау мақсатында әрбір жеке сұрақтар блогы мен сауалнамадағы мәлімдемелердің барлық массиві үшін Кронбах Альфа өлшемінің сенімділігі есептелді. Жалпы есептелген Альфа-Кронбах мәні 0,725-ке жетті және ең төменгі рұқсат етілген 0,7 белгісінен асып түсті. Демек нәтижелердің жарамдылығы жоғары. Сауалнаманың сенімділігінің жалпы деңгейі сенімділік шегінде орналасқан, сондықтан біз оған сенімді ақпарат көзі ретінде сенуге құқылымыз, яғни сауалнаманы ресімдеуге және қажетті үлгіні ұсынуға қойылатын барлық талаптар орындалды (сауалнаманың осы конфигурациясы аясында жарамды деректерді алу үшін респонденттердің рұқсат етілген ең төмен саны 1500 адамнан асуы керек, бірақ біздің жағдайда ол әлдеқайда көп болды; сауалнаманың мазмұны үлгілік пилоттық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген негізгі гипотезаларды көрсетеді).

Талдаудың келесі кезеңінде айнымалылар санын анағұрлым маңыздыларына дейін азайту үшін сауалнамада ұсынылған айнымалылардың факторлық талдауы жасалды.

Алдыңғы кезеңдерде біз сауалнамадағы барлық жеке айнымалылардың байланысын зерттейтін Спирман корреляциялық талдауының нәтижелерін қарастырдық. Осы кезеңде сауалнама сұрақтарының әрбір блогы бойынша жеке пікірлерді анағұрлым репрезентативті айнымалыларға топтастыру үшін факторлық талдау жүргізілді, бұл оқушылардың жауаптарын респонденттердің жынысы мен Қазақстанның ұсынылған аймақтары бойынша қарастыру үшін қосымша мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, SPSS құралдарын пайдалана отырып, факторлық талдау негізінде (негізгі компонент әдісі) разрядтылықты азайтудың бірнеше модельдері жасалды. Бағдарлама автоматты түрде 16 компонентті таңдауды ұсынды, бірақ оңтайлы комбинацияны таңдау үшін 12-ден 25 компонентке дейін бірнеше нұсқалар сынақтан өтті. Таңдалған құрамдас бөліктердің санына (жаңа айнымалыларға) қосымша, модельдің қабысуына дейінгі итерациялар санын (фактордың жаңа компоненттерге бөлінуінің шартты үйлесімділігін) және қосылу индексі төмен бастапқы факторлардың санын (белгіленген компоненттердің органикалығы мнe біртектігін) ескеру қажет. 23 факторға бөлу үшін Кайзер-Майер-Олкин (КМО) іріктеу жеткіліктілігінің өлшемі 0,936-ға тең болды, ал бұл өте жоғары көрсеткіш болып саналады.

2-Кесте. Негізгі құрамдастарды есептеу мысалы

№	Анықталған факторлар саны	Модель жинақталғанға дейін итерациялар саны	Қауымдастықтары 0,5-тен төмен бастапқы факторлардың саны (70-тен)
1	12	11	30-дан астам
2	13	12	30-дан астам
3	14	16	29
4	15	11	25
5	16	9	21
6	17	12	19
7	18	27	15
8	19	28	9
9	20	31	6
10	21	31	3
11	22	12	2
12	23	11	0
13	24	31	0
14	25	19	0

Деректерді талдаудың соңғы кезеңі негізгі компонент әдісін қолдану арқылы факторлық талдау болды, ол 70 мәлімдеменің орнына 23 компонентті анықтауға мүмкіндік берді, оның 19-ы жалпы оқу үлгеріміне дәлелденген әсер етеді.



ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Алынған мәліметтерді тазалау, кодтау және бастапқы өңдеу нәтижесінде 70 айнымалының әрқайсысының респонденттердің оқу үлгеріміне әсерін анықтау үшін Спирмен жұбының корреляция коэффициенті есептелді. Корреляциялық талдау нәтижелері ұсынылған критерийлерді қажетті мәнге әсер етуіне қарай бір мәнді түрде жіктеуге мүмкіндік берді. Барлығы әсер ету күші бойынша факторлардың алты тобы анықталды: өте күшті, күшті, орташа күшті, шектеулі күшті, әлсіз және нөл мәнді факторлар. Үш фактор нөлдік күштер тобына кірді, бірақ олар талдаудан алынған жоқ: бүкіл іріктеу бойынша жалпы үлгерімге әсер етпеуі зерттелген топ өзгерген кезде, мысалы, жынысы немесе аймағы бойынша респонденттердің жауаптарын талдағанда, корреляцияның толық болмауын білдірмейді. Мультиколлинеарлықты қосымша тексеру, яғни белгілі бір құбылысты негіздеу үшін сауалнамаға әдейі енгізілген факторлар арасында айқын жоғары корреляцияның болуы барлық мәндердің қолайлы шектерде екенін растады.

Сауалнаманың жеке блоктарының (яғни, бірнеше мәлімдемені қамтитын сауалнамадағы сұрақ) және мектеп оқушыларының жалпы үлгерім көрсеткіштерінің Спирмен корреляциялық талдауы, алдыңғы кезеңде жеке мәлімдемелерді бағалау үшін жүргізілген тестілеу құралдары сияқты, айтарлықтай жоғары нәтиже көрсетті, бұл факторлық талдау жүргізуге арналған тақырыптық блоктардың тұтастығын дәлелдейді.

ФАКТОРЛЫҚ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Нәтижелерді ұсыну кезінде сауалнамадағы (70 мәлімдеме) барлық жеке айнымалылардың өзара байланысын және олардың респонденттердің жалпы үлгерім көрсеткіштеріне ықпалын ескеру артық және барлық айнымалылардың жалпы нәтиже үшін маңыздылығы жоғары емес екенін ескеру қажет. Осылайша, факторлық талдау арқылы айнымалылар санын азайту үшін сауалнамадағы барлық мәлімдемелерді 23 факторға топтастыру ұсынылады. Есептелген факторлардың түпкілікті жіктелуі төменде олардың «салмағы» бойынша, яғни жалпы оқу үлгеріміне ықпалы ең күшті әсерден нөлге дейін берілген. Бұл тұрғыда «фактор» ұғымы жалпы өнімділікке ортақтығы және салыстырмалы әсерімен сипатталатын бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын жаңа айнымалы ретінде түсініледі. Компоненттер сауалнамадағы негізгі мәлімдемелер болып табылады. «Ортақтық» кешенді есептелетін фактор шегінде құрамдас бөліктердің өзара органикалық байланысы мен үйлесімділігінің көрсеткіші ретінде түсініледі.

Сондай-ақ, әрбір фактор бойынша респондент жауаптарының тенденцияларын түсіну үшін сұрақтар бойынша жалпы сипаттамалық статистика ұсынылады. Фактор ішіндегі құрамдастардың ортақтық кестелерінің көпшілігіне респонденттердің жауаптарын жеке мәлімдемелер ішінде бөлу туралы қосымша ақпарат көрсетілген.


ОҚУШЫНЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Бұл фактор оқушылардың оқуға байланысты ішкі және сыртқы уәждемелік алғышарттарын көрсететін мәлімдемелерді қамтиды (3-кесте).

3-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1	Мұғалімнің сұрақтарына белсенді жауап беремін	0,797
2	Сабақта мұғалімдерден көмек сұраймын	0,762
3	Мұғалімдерден кері байланыс аламын	0,761
4	Оқудағы жетістіктерім үшін ұстаздардан мақтау аламын	0,748
5	Сабақта өз ойымды айтамын	0,723
6	Оқудағы жетістіктерім үшін отбасымнан мақтау аламын	0,660
7	Мұғалімдердің нұсқауларын орындаймын	0,621

Балаларға сабақтағы өз белсенділігінің құндылығын түсіну және мұғалімдер мен отбасынан (мүмкіндігінше, оң) кері байланыс алу маңызды, бұл оқушы уәждемесінің оқу жетістіктеріне әсері туралы бірқатар зерттеулермен расталады (Bostrom & Bostedt, 2020; Gupta & Mili, 2017). Респонденттердің жартысына жуығы өздерін сабақта белсенді деп сипаттап, мұғалімдер тарапынан қолдау алғанын атап өтті. Дегенмен, сауалнамаға қатысушылардың 48%-ы өздерінің академиялық жетістіктері үшін отбасыларының мақтауларын сирек немесе ешқашан қабылдамайтынына назар аударған жөн, ал балалардың білім берудегі жетістіктері, тіпті ең азы да үйде атап өтілетінін түсіну маңызды. Сондай-ақ балалардың үштен біріне жуығы сыныпта өз пікірлерін білдіруге және мұғалімдерден кері байланыс алуға сирек мүмкіндік алады (1-сурет).



1-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

Мұнда және одан әрі факторларды қарастыру кезінде факторлар арасындағы байланыс мәселесін түсіну үшін әрбір жеке мәлімдемеге респонденттердің жалпы саны туралы сипаттамалық статистикалық деректер айтарлықтай жүктемені көтермейтінін ескеру қажет. Мектеп оқушыларының 50%-дан астамы қарастырылатын құбылыстар мен қажетті айнымалы арасындағы байланысты белгілі бір дәрежеде түсіндіретін ең күшті күрделі факторға оң жауаптар («әрдайым» немесе «жиі») береді. Дегенмен, барлық мәлімдемелер корреляция коэффициенті бойынша ең маңызды ондыққа кіреді және олардың реті рейтинг кестесінде көрсетілгенімен шамамен бірдей. Сондықтан жеке жауап үлесі барлық оң жауап үлесінің қосындысы сияқты маңызды емес.


МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ

Зерттеулер жүйелі түрде оқушылардың оқу үлгеріміне өзін-өзі ұйымдастыру айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Осылайша, Mbaluka (2017) өзін-өзі тәрбиелеу мен оқу жетістіктері арасындағы оң корреляцияны тапты, ал Herndon and Vembennetty (2017) оқудағы ішкі уәждеме мен өзіндік тиімділіктің рөлін атап өтіп, тәртіпті мінез-құлық өзін-өзі бағалауды жақсарта алатынын дәлелдеп, өз кезегінде, оқу үлгеріміне оң әсер ету мүмкіндігін атап өтті. Mbaluka (2017) талдауының қызықты нәтижесі американдық оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыруы ішкі уәждемемен бірге, олардың GPA-інің орташа баллына тікелей әсер етеді деген қорытынды болды.

4-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Маған алдыңғы сыныптарда оқу қиын болды	0,654
2.	Маған сабаққа көңіл бөлу қиынға соғады	0,599
3.	Үй тапсырмасын орындауда қиналып жүрмін	0,510

Оқушылардың жауаптарына сәйкес, балалардың үштен бірінен астамына алдыңғы сыныптарда оқу қиын болды, бұл оқу үлгеріміндегі қиындықтардың ұзақ мерзімді сипатын көрсетеді. Оқушылардың 12%-дан сәл астамы үй тапсырмасын орындауда үнемі қиналады, ал шамамен 56%-ы бұл қиындыққа сирек ұшырайды. Мектеп оқушыларының шамамен үштен біріне бұл жағдай салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Осыған қарамастан, респонденттердің 33%-ы оқуға зейін қою қиын екені туралы мәлімдейді (2-сурет).



2-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандарының жалпы санынан %

Теріс пайымдауларды талдау қиынырақ, яғни теріс бөлшектерді қамтитын немесе мағынасы теріс коннотацияға ие мәлімдемелер. Екінші күрделі фактор үш теріс мәлімдемені қамтиды, бірақ біз олар үшін де оң жауаптарды қарастырдық. Жалпылама тұжырымдардың реті, алдыңғы жағдайдағыдай, корреляция коэффициентінің шамасы бойынша болжаушылардың иерархиясындағы реттілікке шамамен сәйкес келеді. Сонымен қатар, бұл мәлімдемелердің арасындағы айырмашылықты байқауға болады: респонденттер айқын теріс мәлімдемелерге оң жауаптарды сирек береді. Алдыңғы кезеңдердегі оқудағы қиындықтар мен сабаққа зейін қоюдағы қиындықтар ішкі және сыртқы себептерден туындауы мүмкін, бұл ата-ана/қамқоршы, мұғалім немесе достардың айыптау немесе басқа реакциясын білдірмейді, ал үй тапсырмасын орындау, көбінесе, оқушының өзіне тікелей байланысты. Бұл үлгіні теріс мәлімдемелері бар басқа мысалдардан байқауға болады. Демек, екінші фактордың бірінші теріс мәлімдемелері бар оң жауаптардың жалпы үлесі 30%-дан асады, ал соңғы болжаушы үшін – 10%-дан сәл асады.


ТӘРТІП ДЕҢГЕЙІНІҢ ТӨМЕНДІГІ

Білім алушылардың сабақтан кездейсоқ қалуы мектеп оқушыларының академиялық және әлеуметтік-психологиялық дамуына әсер етеді, және сабаққа тұрақты түрде қатыспауға, басқа оқушы мен мұғалімдерге теріс әсер етудің себебі болуы мүмкін (Barry et al., 2011; Wilson et al., 2008).

5-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Ауырғаныма байланысты сабақты қалдырамын	0,798
2.	Мен сабақты себепсіз қалдырамын	0,681

Екінші фактордың жағдайы сияқты ұсынылған теріс мәлімдемелер түсінігі бір мәнді болып табылады, және кез келген белгіленген ереже немесе үмітті орындамауды білдіреді, сондықтан оларда оң жауаптардың үлесі өте төмен болады, тиісінше, 12% және 2,5%. Зерттеуіміздің нәтижелері бойынша шамамен 40 оқушының 1-і сабақты үнемі себепсіз, ал әрбір оныншы – денсаулығының нашарлауына байланысты сабақты қалдырады.



3-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандарының жалпы санынан %


КҮЙЗЕЛІСКЕ РЕАКЦИЯ

Ішкі күйзеліс оқушылардың мектептегі үлгерімін айтарлықтай нашарлатуы мүмкін. Мысалы, мектеп оқушыларының күйзеліс сәттерінің жиілігі мен бағалардың төмендеу болуы арасында корреляция бар (Grannis, 1992). Сонымен қатар, оқушылардың өздік жоғары стандарттары, сыртқы үміт пен бәсекеге қабілетті орталары, әсіресе жоғары нәтижелі орталарда, күйзеліске ықпал етуі мүмкін (L fman et al., 2013).

6-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Сынып алдында өз ойымды айтуға ұяламын	0,774
2.	Сабақта тақтаға шығуға ұяламын	0,740
3.	Мектеп емтихандарына/ бақылауларына дайындалған кезде күйзелісте боламын	0,548

Жоғары оқу үлгерімін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың жалпы көрінісінде барлық факторлардың маңыздылығының төмендеу реті бойынша реттелгеніне қарамастан, бұл болжаушылар, әсіресе, теріс мәлімдемелер арасында ең көрнекі болып табылады. Оқушылардың 15%-дан астамы оқу кезінде үнемі күйзеліске ұшырайтынын және сынып алдында өз ойларын айтуға ұялатынын айтты, бұл олардың қорытынды үлгеріміне әсер етеді (4-сурет).



4-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандарының жалпы санынан %


ҮЙДЕ КІТАП ОҚУ

Үйдегі кітаптар саны мен мектеп үлгерімі арасындағы байланысты зерттей отырып, көптеген зерттеулер оң корреляцияны көрсетті. Жалпы, үйде кітаптың көп болуы отбасының ресурстарға қолжетімділігін, мәдени капиталдың құндылығын, ата-аналардың қатысуын және кітап оқудың оң әдеттерін дамытудың әлеуетті мүмкіндіктері оқу жетістіктерінің жоғарылау болуымен байланысты. Кітаптарға қол жеткізу оқушыларға өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді. Дегенмен, үйдегі кітаптар саны мен оқу үлгерімі арасындағы қатынас корреляция болып, міндетті түрде себеп-салдар байланысын білдірмейтінін ескерген жөн.

7-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Үйде баспа кітаптарының болуы	0,770
2.	Үлкендер үйде қаншалықты жиі оқиды?	0,767

Мектеп оқушыларының жеке топтары арасында үйде кітаптың болуы туралы жауаптарды жалпы оқу үлгерімі бойынша салыстыру осы параметрлер арасындағы байланысты анық көрсетеді (5-сурет). Цифрландыру дәуірінің өзінде қағаз кітаптардың болуы, оларды пайдалануға, сәйкесінше, өзін-өзі дамытуды ынталандырады.



5-сурет – Үйде кітаптардың болуына қатысты жауаптарды бөлу, респонденттердің жалпы санынан %

Үйде кітап болуымен қатар, ата-ананың жеке үлгісінің маңыздылығын да ескерген жөн. Баланы оқылым арқылы өзін-өзі дамытуға тарту тәсілі ретінде ата-ананың оқу жиілігі мен балалардың жалпы оқу үлгерімі арасында корреляция бар. Жауаптарға сәйкес, мектеп оқушыларының 40%-ы көрсеткендей, олардың ата-аналары үйде кітап оқымайды немесе өте сирек оқиды, яғни осы әдет құндылығын өз үлгілерімен көрсете алмайды.


ҚОСЫМША БІЛІМ АЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Оқушылардың қосымша білім алу – баланың жан-жақты дамуына бағытталған кешенді шара, ол көптеген функция мен сипаттарды қамтиды: баланың жеке уәждемесі мен отбасы ресурстарынан бастап, білім беру саясаты мен әлеуметтік қолдауға дейін. Зерттеу назарына байланысты сауалнамадағы мәлімдемелермен шектелеміз.

8-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Репетиторға барамын	0,793
2.	Мектептен тыс уақытта қосымша үйірме мен секцияларға қатысамын	0,754

Балалардың үлкен бөлігі қосымша сабақтарға барады: 25%-дан астамы репетитордың қызметін пайдаланады, 55%-дан астамы қосымша секцияларға қатысады (6-сурет).



6-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санынан %

Жоғарыда айтылғандардың барлығы оқушының жалпы оқу үлгерімінің маңызды құрамдас бөліктері болып табылады, бірақ мына мәселеге көңіл аударайық: егер әрбір төртінші оқушы репетиторға барса, бұл немен байланысты? Неліктен бұл балаларға білім алуға қажетті стандарт уақыты жеткіліксіз? Оларға пәндер бойынша дайындық мүлде басқа деңгейде қажет пе, әлде балалардың төрттен бір бөлігі тіпті мектеп материалын меңгере алмайды ма?


КӘСІПТІК БІЛІМ АЛУДЫҢ БЕДЕЛІ

Жобаның алдыңғы кезеңінің нәтижелері жоғары сынып оқушылары мен педагог қауымы арасында кәсіптік білім алудың стигматизациясын көрсетті (Тазабек, Турсунбаева және Щербанов, 2022). Үлгерімі төмен оқушылар орта мектептегі білімін сәтті аяқтамау қорқынышынан колледжге түсуді таңдауы мүмкін. Бұл мұғалім мен ата-аналар балалардың академиялық қабілеттеріне сенбеген ортада пайда болады. Қоғамның қабылдауында колледж үлгерімі төмен оқушыларды оқытатын орын ретінде қалыптасса, оның ұзақ мерзімді болашақта білім беру жүйесінде техникалық және кәсіптік білім берудің рөлі мен құндылығын бүлдіруі мүмкін.

9-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы


№	Компонент	Ортақтық
1.	Колледжде білім алудың беделі жоқ деп санаймын	0,800

Дегенмен, сипаттамалық статистика оқушылардың көпшілігі колледжде оқу мүмкіндігін айтарлықтай оң қабылдайтынын көрсетеді. Ауыл мектептері оқушыларының арасында кәсіптік білім алу беделіне қатысты оң жауаптардың үлесі қалалық оқушылармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары (7-сурет).



7-сурет – Респонденттердің кәсіптік білім алудың тартымдылығына қатысты жауаптарын бөлу, жалпы саннан %

Сонымен қатар, ауыл мектептері оқушыларының арасында мектепті бітіргеннен кейін болашақ жолын белгілемеген балалар әлдеқайда аз, дегенмен, көптеген санаттарда айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды (8-сурет).



8-сурет – Респонденттердің мектеп оқуын аяқтағаннан кейін жоспарлары туралы жауаптарды бөлу, жалпы саннан %


ОТБАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАТЫСУЫ

Жоғарыда айтылғандай, ата-аналардың балаларын тәрбиелеуге белсенді қатысуы баланың жалпы әл-ауқатына да, оның оқу жетістіктеріне де әсер ететін шешуші фактор болып табылады. Jaiswal және Choudhuri (2017) бастауыш пен орта мектеп деңгейіне ерекше назар аудара отырып, ата-аналардың тәрбие стилі мен үміттері, үй мен мектептегі іс-шараларға қатысу және оқушылардың үлгерімі сияқты әртүрлі ата-аналардың тәрбие әдістерінің арасындағы байланыс туралы әдебиеттерге шолу жасады. Эмпирикалық зерттеулерге шолу ата-аналар қатысуының әртүрлі аспектілері оқу үлгеріміне айтарлықтай әртүрлі әсер ететінін көрсетеді. Дегенмен, кейбір зерттеулер ата-аналардың қатысуы оқушылар орта мектепке және одан жоғарыға ауысқанға байланысты төмендейтінін көрсетеді. Ата-аналардың үйде және мектепте қатысуы, кейде бірізділіктің болмауына қарамастан, оқу үлгерімімен оң қарым-қатынасты көрсетеді. Керісінше, ата-аналардың баланың оқу жетістіктері туралы үміттері мектептегі іс-шараларға қатысу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас және үй тапсырмасын жасауға көмектесу сияқты ата-ананың қатысуының басқа нысандарымен салыстырғанда, оқу үлгерімінің ең ықпалды факторы болып табылады.

10-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Мен отбасымның мектеп өміріме деген қызығушылығын сезінемін	0,735
2.	Менің отбасым білімнің қадірін түсінеді, соны айтады	0,720
3.	Менің отбасым мені сенімді болуға шабыттандырады	0,713
4.	Менің отбасым менің репетиторым немесе курстарым үшін төлей алады	0,642
5.	Менің отбасым осы өңірде кем дегенде 5 жыл тұрады	0,462

Бір қызығы, мектеп оқушыларының жоғары үлесі ата-аналар баланы оқуға ынталандыру деңгейінде де, ресурстармен қамтамасыз ету тұрғысынан да белсенді түрде қатысқанын көрсетті (9-сурет). Алайда респонденттердің 15%-дан астамы отбасының мектеп өміріне қызығушылық танытпайтынын көрсетті.



9-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

Mbaluka (2017) американдық мектеп оқушыларының оқу үлгерімін зерттеу барысында ата-аналардың оқушыларды тәрбиелеуге қатысу деңгейі GRA ұпайлары бойынша емес, оқушылардың негізгі дағдыларды тексерудегі табысты нәтижелерімен байланысты деген маңызды қорытындыға келді, осылайша оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуы ата-аналарға және олардың баланың мектеп өміріне қызығушылығына да байланысты болатынын дәлелдейді.


ҮЙДЕ ЖҰМЫС КЕҢІСТІГІН ОРНАТУ

Үйде оқу орнының оқушылардың мектептегі үлгеріміне әсері күрделі және көп қырлы. Mimrot (2016) оқу жетістіктерін қалыптастырудағы бақылау, қорғау және марапаттау сияқты үй ортасының нақты құрамдас бөліктерінің рөлін атап көрсетеді. Бұл нәтижелерді біріктіретін болсақ, үйде оқу орны оқушылардың мектептегі үлгеріміне қандай да бір әсер етуі мүмкін болса да, бұл оқу жетістіктеріне ықпал ететін көптеген факторлардың бірі ғана болуы мүмкін. Үй компьютерлерінің оқушылардың оқу үлгеріміне әсері туралы зерттеулер әртүрлі нәтижелер берді. Woessmann және Fuchs (2004) үйдегі компьютерлердің бар болуы алаңдаушылық тудыруы мүмкін, бірақ оларды білім беру және қарым-қатынас үшін пайдалану оң әсер етуі мүмкін деп болжады. Wittwer және Senkbeil (2008) үйде компьютерді пайдалану Германиядағы кейбір оқушылардың математикалық қабілетін жақсартса да, көпшілікке айтарлықтай әсер етпейтінін анықтады. Бұл үйдегі оқу әрекетінің түрі компьютердің болуынан гөрі маңыздырақ екенін көрсетеді.

11-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Жұмыс үстелінің болуы	0,755
2.	Өз бөлмесінің болуы	0,747
3.	Компьютердің болуы (оқуға арналған)	0,614

Сауалнамаға қатысқан оқушылардың көпшілігі үйде оқуға арналған бөлек бөлме немесе басқа отбасы мүшелерімен бөлісетін үстел сияқты жұмыс кеңістігі бар деп жауап берді. Дегенмен, мектеп оқушыларының үштен бірінен астамында үйде компьютер жоқ, бұл АКТ дағдыларын пайдалануға негізделген және жабдықты қажет ететін үй тапсырмасын орындауды қиындатады (10-сурет).



10-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК


Көптеген зерттеушілер мектеп психологтарының үлгерімі төмен оқушыларды, олардың уәждемесін және психикалық жағдайын қолдаудағы маңызды рөлін дәлелдеді (Splett et al., 2013). Дегенмен, психологтардың кеңесі мен іс-әрекеттері түзету сипатына қарағанда, алдын алу сипатында болуы маңызды. Осы жобаның алдыңғы кезеңінде анықталғандай (Тазабек, Түрсунбаева және Щербakov, 2022), қазақстандық мектептерде мектептің психологиялық қызмет көмегінің стигматизациясы әлі де байқалады.

12-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Мектеп психологынан көмек сұрадым, кері байланыс алдым	-0,764

2.	Мектеп психологынан көмек сұрадым, бірақ кері байланыс алмадым	0,696
----	--	-------

Психологиялық көмек көрсету факторын түсіндіру өте қиын. Оған қоса, бұл фактор параметрлердің біреуіне теріс мәнді, яғни кері тәуелділікті, көрсеткен жалғыз фактор болып табылады. Шындығында, жалпы сипаты мынадай: оқу үлгеріміне психологқа бармау немесе психологқа барып, көмек алу фактілері маңызды (11-сурет).



11-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

ЖАНЖАЛДЫҚ


Жанжалдардың оқу үлгеріміне әсері туралы зерттеулер аралас мәнді нәтижелер берді. Zalba және басқалары (2018) буллингпен оқу үлгерімі арасында маңызды байланыс таппаса, Torres және басқалары (2019) жағымсыз әсерді негізінен әлеуметтік жанжалдардан тапты. Деректерге сәйкес, жанжалдар академиялық үлгерімге зиянын келтіруі мүмкін, бірақ оның нақты бір түрі және қиындықты жеңудің жеке тұлға тетіктері маңызды рөл атқарады.

13-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Отбасымның қаржылық жағдайына байланысты ыңғайсыз сезінемін	0,732
2.	Менде мектепте жанжалдар болып тұрады	0,716

3.	Үйде бағаға байланысты жанжалдар болып тұрады	0,681
4.	Сыныптастарымның тілдік/ этникалық ерекшеліктеріне байланысты өзімді жайсыз сезінемін	0,594

Балалардың жоғары білім алу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қолайлы ортаны қалыптастыру өте маңызды. Сонымен қатар, ұлдар үшін бұл мәлімдемелер, қыздарға қарағанда, әлдеқайда жоғары деңгейде рөл атқарады, ал қыздарға, ең алдымен, отбасының қаржылық жағдайына байланысты жайсыздық әсер етеді (12-сурет).



12-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

Бұл фактор мектептегі булинг тақырыбын тағы да көтеріп, толерантты мектеп ортасын құру, сонымен қатар оқушылар мен мұғалімдердің әлеуметтік-эмоционалды интеллект дағдыларын дамыту қажеттігін дәлелдейді.

ЖАҚЫН ОРТАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС


Оқушылардың оқу үлгеріміне және сабаққа қатысуына отбасымен, мұғалімдермен және достарымен сенімді қарым-қатынас оң әсер етеді. Отбасы жақындығы оқудың өзін-өзі реттеу мен мектепке бейімделуімен байланысты (Lee, 2007), ал мұғалімдер және достарымен қарым-қатынас сапасы мектептегі эмоционалды және мінез-құлықты қатысуына байланысты, бұл өз кезегінде академиялық дағдыларды болжайды (Hosan & Hoglund, 2017). Мектепке негізделген тәлімгерлік бағдарламаларында тәлімгерлер мен тәлім алушылар

арасындағы тығыз қарым-қатынас, әсіресе мақсат қою және кері байланысқа бағытталған әрекеттермен үйлескенде, оң нәтижелермен байланысты болады (Lyons et al., 2018). Ақырында, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы оң қарым-қатынас орта мектепке көшу кезінде оқу жетістіктері мен мінез-құлқына әсер ететін қорғаныс факторлары болып көрінеді (Longbardi et al, 2016).

13-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Сыныптастармен қарым-қатынас	0,772
2.	Достармен қарым-қатынас	0,769
3.	Ата-аналармен/қамқоршылармен қарым-қатынас	0,680
4.	Мұғалімдермен қарым-қатынас	0,632
5.	Туған бауырларымен қарым-қатынас	0,610

Мектеп оқушыларының оқу үлгерімі үшін жақын ортамен қарым-қатынас – ата-ана/қамқоршы, сыныптастары, достары, туған бауырлары, мұғалімдері өте маңызды рөл атқарады. Оған қоса, бұл иерархиядағы мұғалімнің рөлі басқаларға қарағанда жоғары (13-сурет).



13-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнама қатысқандардың жалпы санынан %

Ұлдар мен қыздар арасындағы жекелеген рөлдердің маңыздылығын бөлудегі шамалы айырмашылықтарға қарамастан, бұл фактордың жалпы салмағы жоғары. Бұл мектептің әлеуметтену құралы ретіндегі рөлін тағы да дәлелдейді.

СМАРТФОННЫҢ БОЛУЫ

Бірнеше зерттеулерге сәйкес, ұялы телефондарды пайдалану оқушылардың оқу үлгеріміне кері әсерін тигізуі мүмкін: ұялы телефондарды, әсіресе білім алудан басқа мақсаттарда, шамадан тыс пайдалану, бағаның төмендеуіне әкелуі мүмкін (Hossain, 2019). Осылайша, ұялы телефондарды сабақта пайдалану мен қорытынды бағалар арасында айтарлықтай теріс корреляция анықталды (Duncan, et al., 2012; Felisoni & Godoi, 2018).

14-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Ұялы телефонның болуы	0,832
2.	Жоғары жылдамдықты интернеттің болуы	0,481

Бұл нәтижелер педагогтер мен оқушылар оқу ортасында ұялы телефондар тудыратын ықтимал алаңдаушылықтар туралы хабардар болу қажеттілігін көрсетеді.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП ОРТАСЫ


Мектептегі климат пен мектепке тиесілілік сезімі оқушылардың үлгеріміне айтарлықтай әсер ететіні белгілі. Daily және басқалары (2019) жағымды мектеп климаты жоғары оқу жетістіктерімен байланысты екенін дәлелдеп, оған қоса, академиялық қолдау негізгі фактор болып табылады. Gage және басқалары (2016) оқушылардың жайлы мектеп ортасын қабылдау маңыздылығын атап көрсетеді, өйткені жағымды климат әлеуметтік және мінез-құлық көрсеткіштерінің ең жақсыларын болжайды.

15-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Мен мектебімді мақтан тұтамын	0,758
2.	Маған мектептегі сабақтар ұнайды	0,753

3.	Маған мектептегі қосымша іс-шара, секция мен үйірмелер ұнайды	0,707
4.	Мен мектепке барғанды ұнатамын	0,699
6.	Мен мектепте өзімді қауіпсіз және жайлы сезінемін	0,684
7.	Мұғалімдер маған әділ қарайды	0,683

Сауалнама нәтижелері баланың оқу үлгерімін арттыру үшін мектептің жағымды беделі маңызды екенін айқын көрсетті (14-сурет).



14-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

Бұл ретте тек қана қоғамдық ортаны (достар/сыныптастар) қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар оқушыларды мектеп қоғамдастығы өміріне қатыстырып, ұжыммен бірлесу сезімін дамыту маңызды. Мектеп басшылығы оқушыларды білім беру ұйымының сабақтан тыс жұмыстарына қатыстыру керек.


ТІЛДІК ОРТА

Мектеп мекемесі бала үшін тек білім алатын орын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтену және икемді дағдыларды дамытудың маңызды тетігі ретінде де ерекше орын алады. Сондай-ақ, баланы көптілді ортада жұмыс істеуге дайындау қажет.

16-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Үйде және мектепте бір тілде сөйлеймін	0,745
2.	Балабақшаға/ мектепке дейінгі білім беру ұйымына бардым	0,622

Оқушылардың жалпы үлгерімі үшін тілдік орта факторы айтарлықтай жоғары мәнге ие (15-сурет).



15-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %


МЕКТЕП ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ

XX ғасырдың екінші жартысында ғалымдар ашық жүйелердің әлдеқайда тиімді дамидынын дәлелдеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарындағы Кремний алқабы табысының бір бөлігі этникалық және тілдік сипаттама тұрғысынан да, әртүрлі идеологиялық ұстаным тұрғысынан да жергілікті қауымдастықтың өте жоғары ашықтығынан туындайды.

17-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Менің мектебімде әртүрлі ұлттың оқушылары бар	0,683
2.	Үздік және нашар оқитын оқушылар дос бола алады	0,596
3.	Сабақтан қалсам, мені мектепте іздейді	0,550
4.	Мектепте достарды оңай табамын	0,46

Осы тұжырымдардың мектеп оқушыларының жалпы оқу үлгерімімен байланысын талдағанда да осы жағдайды байқаймыз (16-сурет).



16-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ӨЗГЕРМЕЛІЛІГІ

Мектеп оқушыларының білім берудегі жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін мұғалім мен оқушы, сонымен қатар оқушы мен мектеп қауымдастығы арасында тиімді байланыс орнатудың маңызы зор. Осы логикаға сәйкес, бұл байланыстардың кез келген бұзылуы жалпы оқу үлгерімінің нашарлауына әкелуі мүмкін, сондықтан біз мектеп пен мұғалімдерді ауыстыру жиілігін бағаладық.

18-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Мен бір немесе бірнеше рет мектеп ауыстырдым	0,832
2.	Мұғалімдерім жиі ауысады	0,690

Бұл фактор шынымен де мектеп оқушыларының бағаларына әсер етеді, алдыңғы тарауда айтылғандай, ұлдарда көбірек байқалады.

СОЗЫЛМАЛЫ АУРУДЫҢ БОЛУЫ

Оқу-ағарту министрлігі үшін соңғы бірнеше жылдағы негізгі міндеттердің бірі – қолжетімді білім беру ортасын дамыту болды. Сол себепті балада нақты медициналық шектеулер мен оның оқу үлгерімі арасындағы өзара байланыс мүмкіндігін мұқият зерттеу туралы шешім қабылданды.

19-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Менің созылмалы ауруым бар	0,835

Этикалық себептерге байланысты біз сауалнамада ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушылардың саны туралы деректерді жинамадық, бірақ созылмалы ауруы бар мәлімдеме мен жалпы оқу үлгерімі арасындағы корреляцияның талдауы байқалмады.

ҮЙ-ТҰРМЫСЫМЕН АЙНАЛЫСУ

Үй-тұрмысымен айналысу оқу үлгеріміне өте әлсіз әсер етті. Кейс-стади зерттеуінің алдыңғы деректері бойынша жеке шаруашылық жұмысымен қамтылғандардың үлесі жоғары және жан басына шаққандағы табысы төмен Қазақстан Республикасының кейбір аймақтарында ауыл шаруашылығында және басқа жұмыстарда жасөспірімдердің жоғары жұмыс жүктемесінің үрдісі болады деп болжанған.

20-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Мектептегі қиындықтарды отбасыма айтуға қорқамын	0,734
2.	Отбасылық міндеттерге байланысты оқуға уақытым жоқ	0,716

Дегенмен, еліміздің барлық аймақтары үшін бұл фактор әлсіз болып табылады. Бұл мәлімдемелер аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қарағанда, отбасылық қарым-қатынастармен көбірек байланысты.

АҒА ҰРПАҚТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Мектеп оқушыларының оқу үлгеріміндегі аға ұрпақтың жоғары рөлі туралы болжамымыз расталмады. Жобаның пилоттық кезеңіндегі деректерден ата-әжелер балаларды тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратыны күтілді, бірақ зерттеу нәтижелері бойынша олардың мәнділігі мектеп оқушыларының мұғалім, ата-ана немесе достары/сыныптастармен қарым-қатынасынан әлдеқайда төмен.

21-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Ата-әжелермен қарым-қатынас	0,858

Бұл құбылыстың себебі демографиялық ауысудың аяқталуы және үй-тұрмысының едәуір бөлігі (бір пәтерде немесе жеке үйде тұратын туыс-бауырлар) үш емес, екі ұрпақтан тұратын жоғары урбанизация болуы мүмкін.

ӨЗСЕЗІНІМІ МЕН ТОНУСТЫҢ ТӨМЕНДЕУІ

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, жүйеде шаршау мен мазасыздық жалпы өнімділіктің мәнді факторлары ретінде көрсетілмейді.

22-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Денім сау екенін сезінемін	0,762
2.	Өзімді бақытты сезінемін	0,750
3.	Өзіме сенімділікті сезінемін	0,704

Алайда, бір қызығы, жыныстық тиесілік тұрғысынан алғанда, өзсезінімі факторы маңызды болып шықты: мысалы, ұлдар үшін шаршамау немесе мазасызданбау маңызды болса, қыздар көбіне жақсы үлгеріммен қатар жағымды эмоцияларға көңіл бөледі.

23-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Мен шаршағанымды сезінемін	0,795
2.	Өзімді мазасыз сезінемін	0,793

Мектеп оқушыларының 35%-дан астамы үнемі шаршап жүреді, ал 20%-ы мазасызданады. Бұл жалпы күйзеліс деңгейімен (алдыңғы факторлардың бірі) біршама салыстырмалы. Егер әрбір үшінші оқушы үнемі шаршаса, бұл тұрақты жоғары жүктеменің себебі болуы мүмкін: балалардың жартысынан көбі мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарына барады. Әрине, оқу кез келген адам үшін сынақ тудыруы керек, бірақ бұл жағдайда біз жасөспірімдердің шамадан тыс оқуы туралы айтып отырмыз, бұл күйзелістің пайда болуына және білімнің нашар нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.


МЕКТЕПКЕ МӘЖБҮРЛІ БАРУ

Оқушылардың үлгеріміне мектеп ортасы, оның мәдениеті мен жұмысы айтарлықтай әсер етеді (Tus, 2020). Бұл әсер «қауіп тобы» деп саналатын оқушылар үшін ерекше маңызды, себебі оларға өзін-өзі бағалау, сенімділік және қиындықтарды жеңу тетіктерін, соның ішінде ата-аналарының қатысуын арттыратын бағдарламалары пайдалы болады (Neal & Yelland, 2014).

24-кесте – Компоненттердің ортақтық матрицасы

№	Компонент	Ортақтық
1.	Ата-анамды ренжітпеу үшін мектепке барамын	0,833
2.	Мен үйде қалмау үшін мектепке барамын	0,790

Мектеп оқушыларының 55%-дан астамы ата-аналарын ренжіткісі келмегендіктен мектепке барады (17-сурет). Сауалнамада білім алудың басқа да мақсаттары қарастырылған, бірақ жалпы тенденция айқын – балалардың көпшілігі білімнің құндылығын түсінбейді, олар мектепті мәжбүрлі қажеттілік ретінде қабылдайды. Екінші мәлімдеменің түсіндірмесі анық емес: респонденттердің 30% үйден гөрі мектепті жақсы көретінімен келіседі, бірақ мұның бірнеше себептері болуы мүмкін. Бір жағынан, бұл мәлімдеме жанама түрде «Мен ата-анамды ренжітуден қорқамын» деген алдыңғы мәлімдемені қайталайды, яғни оқушылар үй мен ата-ананы салыстырады, екінші жағынан, олардың кейбіреулеріне мектеп қауіпсіз және жайлы орын болуы мүмкін.



17-сурет – Респонденттердің жауаптарын бөлу, сауалнамаға қатысқандардың жалпы санынан %

Бұл мәселені қосымша талдау жеке терең зерттеуде ғана мүмкін болады.

ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ БАР ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жеке айнымалы мен оқушылардың жалпы көрсеткіштері арасындағы корреляциялық талдаудан кейін жыныспен айнамаққа байланысты қарастырылатын шарттар мен қажетті мән арасындағы байланысына бөлек бағалау жүргізілді.

Гендерлік қатынас бойынша салыстырмалы түрде біркелкі іріктеу кезінде (11 мың қыз бала және 9,5 мың ұл бала) нәтижелер қарастырылатын факторлардың әртүрлі маңыздылығын көрсетті. Талданған параметрлердің көпшілігі бойынша қыздардың белгілі бір жағдайға сезінушілігі ұлдарға қарағанда жоғары екенін анық атап өтуге болады. Мысалы, 70 айнымалының ішінде тек 6 жағдайда ұлдардың оқу үлгерімі параметрдің ауытқуына күштірек жауап берді; ал 7 жағдайда қыздардың оқу үлгерімі қарастырылып отырған жағдайға тәуелділігі, ұлдарға қарағанда, нәтижеге екі есе күшті әсер етті. Көрнекі салыстыру үшін жеке мәлімдемелердің корреляция индексі және ұлдар мен қыздардың жалпы көрсеткіштері арасындағы корреляцияны бөлек қарастырайық. Ол үшін сауалнаманың мәлімдемелері мен әр жыныс түрі бойынша жалпы оқу үлгерім арасында Спирмен корреляция коэффициенттері есептелді, содан кейін қыздар үшін корреляция индексі көрсеткішінің сәйкес мәнінен ұлдар үшін корреляция индексі көрсеткішінің есептелген мән үлесі табылды. Мінсіз бөлу кезінде бұл үлестің мәні 100% тең болды, яғни мәлімдеме екі жыныстың өкілдері үшін академиялық үлгерімі үшін бірдей маңызды. Мәні 50%-дан төмен болған жағдайда, ұлдар үшін бұл фактор, қыздарға қарағанда, екі еседен астам әлсіз, яғни ұлдар үшін корреляция индексі қыздардың корреляция индексінің жартысына (50%) тең. Егер қатынасы 100%-дан асса, онда бұл болжаушы қыздардың оқу үлгеріміне қарағанда ұлдардікіне күштірек әсер етеді.

Қыздар үшін жайлылық пен әл-ауқат сезімі оқу үдерісінің тиімді өтуі үшін әлдеқайда маңызды екені анық. Жалпы, бұл факторлар екі жыныс үшін де әлсіз болып саналады, бірақ олардың арасындағы таралуы орасан зор: ұялы телефонның әсері, бақыт сезімі, сенімділік пен денсаулық, қыздарда өз қауіпсіздігі үшін мектептің жауапкершілігіне сенімділік мәні ұлдарға қарағанда 2 еседен астам жоғары. Сондай-ақ, барлық жағдайда мұғаліммен қарым-қатынас жасау мектеп оқушыларының оқу үлгерімі үшін өте маңызды – бұл фактор тиімді оқыту тұрғысынан барлық басқа тұлғааралық қарым-қатынастардан, тіпті жақын туыстарымен де асып түседі, бірақ екінші орында оқу үлгерімі үшін қыздардың достары/сыныптастары, ал ұлдардың ата-анасы/қамқоршылары болып табылады. Бұл бөлу біз анықтаған үлгіні жанама түрде қыздардың оқу үлгерімінің қолайлы оқу ортасына, ал ұлдар үшін – оқу үдерісінде қосымша бақылау мен уәждеменің маңыздылығына байланысын растайды. Нәтижелер төменде Спирмен корреляция коэффициенттерінің кестесінде берілген (25-кесте).

25-кесте – Жалпы оқу үлгерімінің жынысы бойынша басқа айнымалылармен корреляциясы

№	Мәлімдеме	ер	әйел	%*
1	Ұялы телефонның болуы	0.021	0.055	38.2
2	Мен өзімді бақытты сезінемін	0.053	0.125	42.4
3	Ата-әжелермен қарым-қатынас	0.04	0.087	45.9
4	Сабақтан қалсам, мектепте іздейді	0.07	0.151	46.3
5	Өзімді сау сезінемін	0.064	0.13	49.2
6	Өз мектебіммен мақтанамын	0.054	0.109	49.5
7	Өзімді сенімді сезінемін	0.074	0.148	50
8	Мектепте өзімді қауіпсіз және жайлы сезінемін	0.081	0.157	51.6
9	Менің отбасым осы өңірде кем дегенде 5 жыл тұрады	0.066	0.127	51.9
10	Сыныптастармен қарым-қатынас	0.089	0.171	52.1
11	Репетиторға барамын	0.031	0.059	52.5
12	Үздік және нашар оқитын оқушылар дос бола алады	0.079	0.147	53.7
13	Үйде және мектепте бір тілде сөйлеймін	0.056	0.1	56
14	Мектепте достарды оңай табамын	0.093	0.16	58.1
15	Достармен қарым-қатынас	0.071	0.122	58.2
16	Маған мектептегі қосымша іс-шара, секция мен үйірмелер ұнайды	0.078	0.134	58.2
17	Үйде бағаға байланысты жанжалдар болып тұрады	0.073	0.123	59.3
18	Мұғалімдермен қарым-қатынас	0.143	0.233	61.4
19	Үлкендер үйде қаншалықты жиі оқиды?	0.073	0.115	63.5

20	Мен жақсы және жеткілікті ұйықтаймын	0.058	0.091	63.7
21	Мұғалімдер маған әділ қарайды	0.071	0.109	65.1
22	Мектеп психологынан көмек сұрадым, бірақ кері байланыс алмадым	0.079	0.121	65.3
23	Сынып алдында өз ойымды айтуға ұяламын	0.152	0.232	65.5
24	Сыныптастарымның тілдік/ этникалық ерекшеліктеріне байланысты өзімді жайсыз сезінемін	0.124	0.188	65.9
25	Жоғары жылдамдықты интернеттің болуы	0.045	0.068	66.2
26	Туған бауырларыммен қарым-қатынас	0.079	0.118	66.9
27	Мұғалімдерден кері байланыс аламын **	0.213	0.315	67.6
28	Менің отбасым білімнің қадірін түсінеді, соны айтады	0.153	0.226	67.7
29	Ата-анамен/қамқоршылармен қарым-қатынас	0.095	0.14	67.9
30	Ата-анамды ренжітпеу үшін мектепке барамын	-0.074	-0.108	68.53
31	Мектепке білім алу үшін барамын	0.146	0.213	68.5
32	Сабақта тақтаға шығуға ұяламын	0.194	0.283	68.6
33	Менің отбасым менің репетиторым немесе курстарым үшін төлей алады	0.13	0.189	68.8
34	Менің мектебimde әртүрлі ұлттың оқушылары бар	0.027	0.039	69.2
35	Мектепке барғанды ұнатамын	0.113	0.16	70.6
36	Менің созылмалы ауруым бар	0.061	0.086	70.9
37	Компьютердің болуы (оқуға арналған)	0.102	0.143	71.3
38	Жұмыс үстелінің болуы	0.07	0.098	71.4
39	Менің отбасым мені сенімді болуға шабыттандырады	0.109	0.152	71.7
40	Мен отбасымның қаржылық жағдайына байланысты ыңғайсыз сезінемін	0.101	0.139	72.7
41	Маған мектептегі сабақтар ұнайды	0.114	0.154	74.1
42	Отбасылық міндеттемеге байланысты оқуға уақытым жоқ	0.13	0.174	74.7
43	Мен уақытымды оңай басқарамын	0.104	0.139	74.8
44	Өз бөлмесінің болуы	0.051	0.068	75
45	Мен отбасымның мектеп өміріме деген қызығушылығын сезінемін	0.139	0.183	75.9
46	Мен үйде қалмау үшін мектепке барамын	-0.079	-0.104	75.9
47	Колледжде білім алудың беделі жоқ деп санаймын	0.064	0.084	76.2
48	Оқудағы жетістіктерім үшін ұстаздардан мақтау аламын	0.256	0.335	76.4
49	Сабақта өз ойымды айтамын	0.232	0.303	76.6
50	Мектептегі қиындықтарды отбасыма айтуға қорқамын	0.091	0.116	78.4
51	Сабақта мұғалімдерден көмек сұраймын	0.227	0.287	79.1
52	Ауырғаныма байланысты сабақты қалдырамын	0.1	0.126	79.4
53	Мұғалімнің сұрақтарына белсенді жауап беремін	0.347	0.432	80.3
54	Мен жаңа білімді оңай меңгеремін	0.299	0.365	81.9
55	Балабақшаға/ мектепке дейінгі білім беру ұйымына бардым	0.105	0.127	82.7
56	Маған сабаққа көңіл бөлу қиынға соғады	0.187	0.22	85

57	Маған алдыңғы сыныптарда оқу қиын болды	0.23	0.27	85.2
58	Үй тапсырмасын орындауда қиналып жүрмін	0.191	0.221	86.4
59	Менде мектепте жанжалдар болып тұрады	0.081	0.093	87.1
60	Мектеп емтихандарына/ бақылауларына дайындалған кезде күйзелісте боламын	0.068	0.077	88.3
61	Мектептен тыс уақытта қосымша үйірме мен секцияларға қатысамын	0.138	0.155	89.1
62	Оқудағы жетістіктерім үшін отбасымнан мақтау аламын	0.197	0.22	89.5
63	Мұғалімдердің нұсқауларын орындаймын	0.178	0.188	94.7
64	Мен сабақты себепсіз қалдырамын	0.169	0.172	98.3
65	Үйде баспа кітаптарының болуы	0.184	0.169	108.9
66	Өзімді мазасыз сезінемін ***	0.04	0.036	111.1
67	Мектеп психологынан көмек сұрадым, кері байланыс алдым	-0.056	-0.042	133.3
68	Мен шаршағанымды сезінемін	0.029	0.019	152.6
69	Мен бір немесе бірнеше рет мектеп ауыстырдым	0.000	0.000	0
70	Мұғалімдерім жиі ауысады	0.03	0.000	0

* Көрсетілген фактор мен қыздардың жалпы үлгерімі арасындағы корреляция индексінен осы фактор мен ұлдардың жалпы үлгерімі арасындағы корреляция индексінің үлесі.

** Корреляциялық талдау кезеңінде біз анықтаған ең күшті болжаушылар жасыл түспен көрсетілген.

*** Корреляциялық талдау кезеңінде біз анықтаған нөлдік мәнді болжаушылар қызыл түспен көрсетілген.

Қыздар мен ұлдардың оқу үлгеріміне жеке фактор күшінің айырмашылығын да атап өткен жөн. Зерттеудің алдыңғы кезеңінде біз анықтаған ең күшті факторлар екі жыныс үшін де маңызды болып қала береді, бірақ корреляциялық талдау нәтиже мәндерінің шашырылым шкаласының ортасында, яғни екі жыныс үшін де бірдей дерлік маңызды (ұлдар үшін бұл айнымалылардың маңыздылығы қыздарға қарағанда 20% төмен - бұл басқа мәндермен салыстырғанда объективті аз айырмашылық). Екі жыныстың көптеген жеке ерекшеліктері жалпы оқу үлгеріміне салыстырмалы түрде әсер етеді. Мысалы, деректердің жалпы көлемінің ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымына бару, оқуға зейінін шоғырландыру және материалды меңгеру, қосымша білім беру ұйымдарына бару және мектеп жасына дейінгі білім беру ұйымдарына бару және тағы басқа бір деңгейде дерлік орташа күш факторлары бар екенін атап өтуге болады. Ең күшті фактор тобының ықшам диапазонындағы 75-тен 80%-ға дейінгі межелігі бойынша орналасуы алынған нәтижелерді тексерудің бір түрі болып табылады және ұлдардың сыртқы

факторларға орта есеппен 20% төмен сезімталдығын білдіреді, ал корреляция индексі біздің жіктеуіміз бойынша жеке сипаттамалар (әлсіздеу факторлар – күйзеліске сезімталдылық, алдыңғы оқу тәжірибесі, оқу қабілеті және т.б.) және барлық балалардың оқу үлгерімі жынысына қарай іс жүзінде ерекшеленбейтінін көрсетеді.

Ұлдардың оқу үлгерімінің тәуелділігі қыздарға қарағанда жоғары корреляциялық индекстерін көрсеткен факторларды атап өтуге болады. Бұл факторлар белгілі бір дәрежеде девиантты мінез-құлықпен байланысты деп айта аламыз, бұл белгілі болғандай, ер балаларда жиі кездеседі. Мысалы, біз нәлдік мәнді факторлар ретінде белгілеген факторлар, қыздарға қарағанда, ұлдарға әлсіз әсер етеді: алаңдаушылық, шаршау, мектепті ауыстыру. Оларға үйде баспа кітаптарының болуы, мұғалімдердің ауысуы және психологиялық қолдау қажеттілігі де қосылды. Тіпті сенімсіз жауаптар болған жағдайда да (жасөспірімдермен жүргізілген мұндай зерттеулерде оларды жоққа шығаруға болмайды) сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны және сауалнаманың жоғары есептелген сенімділігі шамалы бұрмаланулардың жоғары ықтималдығы туралы айтуға мүмкіндік береді, алайда ақиқаттың толық болмауын көрсетпейді. Осыған сүйене отырып, кез келген девиантты мінез-құлық оқу үдерісінде мұғалім мен отбасының ерекше назарын талап ететінін тағы бір рет растай аламыз, және ұлдар үшін бұл фактор маңыздырақ болып табылады.

АЙМАҚТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫ ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІ

Зерттеудің келесі кезеңі – жеке факторларды аймақтық тұрғыда зерттеу. Зерттеудің басында анықталған ең күшті факторлар барлық салаларда өз позицияларын сақтайды, бұл олардың жоғары маңыздылығын тағы бір рет растайды. Мұғалім мен оқушы арасындағы тиімді қарым-қатынас, тәжірибе көрсеткендей, жоғары оқу үлгерімінің берік негізін құрайтын маңызды күштердің бірі болып қала береді. Бұл жалпы талдаумен де, жынысы немесе тұрғылықты жері бойынша жеке-жеке бөлумен де расталады. Біз Қазақстан Республикасының жекелеген аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы айырмашылықты объективті түрде түсінеміз, педагогикалық қызметтің гендерлік және жас ерекшеліктерін түсінеміз, бірақ әртүрлі үлгілерде факторлардың нақты жиынтығының тұрақты күйі, тиімділігі жоғары білім беру үдерісінің негізін қалыптастыратын жағдайларда, нақты қажетті жағдайлардың бар екенін көрсетеді.

Мектеп оқушыларының үлгеріміне, аймақ бойынша ғана емес, сонымен қатар басқа үлгілерде, айтарлықтай әсер ететін факторлардың екінші үлкен тобы –күйзеліске жеке төзімділігі. Талдау деректерінен көрініп тұрғандай, көпшілік алдында сөйлеу (тақтаға шығу) кезіндегі ыңғайсыздық, емтихан мен

бақылау жұмыстары кезіндегі алаңдаушылық және басқа да осыған ұқсас тәжірибелер әрбір жеке оқушы үлгерімі реттеуішінің ең күшті ондық қатарына кіреді. Сондай-ақ, бірқатар аймақтарда бұл факторлар ең маңызды топның кейбір аспектілеріне қарағанда күштірек. Бұл құбылыс Түркістан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Жетісу облыстарында және Шымкент қаласында – негізінен оңтүстік облыстарда жиі кездеседі. Бұл сынып көлеміне байланысты болуы мүмкін: сыныптағы оқушылардың орташа саны неғұрлым жоғары болса, оқушының көпшілік алдында сөйлеген кездегі күйзеліс деңгейі соғұрлым жоғары болады. Бұл дәлелді оқу үлгерімі мен өз ойын айтуға ұялу туралы мәлімдеме арасындағы корреляцияны есептеу нәтижелері растайды – Түркістан, Жамбыл, Жетісу облыстары есептелген коэффициенттердің кейбір ең жоғары мәндерімен сипатталады.

Сауалнамада білім берудің алдыңғы кезеңдеріндегі қиындықтар, мұғалім мен мектептердің ауысу жиілігі және т.б. арқылы бағаланған алдыңғы білім беру тәжірибесіне назар аударған жөн. Білім алу орнын өзгерту мен педагогтердің ауысу жиілігі бастапқы талдау кезінде де төмен мәнді көрсетті (бұл аймақтық тұрғыдан да дәлел), алайда алдыңғы оқудағы қиындықтар барлық байқалған салаларда айтарлықтай айқын болды. Шынында да, баланың біліміндегі олқылықтар көп жағдайда мұғалім мен ата-ана немқұрайлы қарауына байланысты жойылмай қала береді. Болашақта бұл жекелеген пәндер бойынша да, мектеп курсының барлық құзыреттіліктер кешенінде де үзінді білімнің жинақталуына және нашар үлгеріміне әкеледі. Бұл жағдайда аумақтық бөліну үлгісін байқау қиын: аймақтың дамуының әлеуметтік-экономикалық деңгейі, оның ірі қалаларға (өсу ядролары ретінде) жақындығы немесе халықтың қоныстануына қатысты күйі арасында айқын байланыс жоқ. Алдыңғы оқудағы қиындықтар мен қазіргі оқу үлгерімі арасындағы ең жоғары корреляциялық коэффициенттер негізінен ресурстарды өндіруші аймақтарда (Шығыс Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Абай облыстары) байқалады. Мұндай жағдайларда ата-аналардың/ қамқоршылардың ауысымдық жұмысына байланысты көшу жиілігіне сілтеме жасауға болады, бірақ бұл аймақтар үшін мектеп пен мұғалімдерді ауыстыру жиілігі арасындағы корреляция нөлге тең – бұл гипотеза расталған жоқ. Бұл мәселе ашық күйінде қалады.

Оқу үлгерімінің келесі маңызды блогы – мектеп ортасының жайлылығы. Біз ұлдар мен қыздарға арналған бұл сипаттаманы бағалаудағы айырмашылықтарға назар аудардық, бірақ аймақтық диспропорциялар тұрғысынан біркелкі таралу да байқалады. Бұл мәлімдеме жиынтығы оқу жетістіктері үшін мақтау алу мүмкіндігі, мектептегі мүмкін болатын жанжалдар, мектептің балаға қамқорлық сезімі және тағы басқа құбылыстарды қамтиды. Жалпылама қарағанда, бұл факторлар әлсіз, алайда осы тұрғыда бізді айнымалылардың абсолютті мәндері емес, олардың аумақтық диспропорциясы

қызықтырады. Әрине, бұл жағдайда барлық таңдалған факторлар бойынша орташа мәнді Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан және Абай облыстарында байқауға болады; бірқатар аймақтарда таңдалған айнымалылардың барлық сомасының маңыздылығы төмен болып қалуда, бірақ республикалық маңызы бар қалаларда, Қарағанды және Жамбыл облыстарында маңызды; ал кейбір аймақтарда қарастырылатын параметрлер көп жағдайда оқу үлгеріміне өте әлсіз немесе нөлдік қатынасты көрсетеді – Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау және Ұлытау облыстары. Мұндай бөлудің себептері туралы сеніммен айту қиын, өйткені ескеру қажет әрбір аймақтың өзіне тән қасиеттері тым көп, бірақ бір ғана басым элементті бөліп көрсету мүмкін емес.

Республикалық маңызы бар қалалардағы оқушылардың үлгерімі тұрғысынан жақсы тұлғааралық қарым-қатынас маңыздылығының тағы бір дәлелі табылды. Қазақстанның барлық үш ірі қаласы аймақтардың көпшілігімен салыстырғанда кез келген қарым-қатынас пен жалпы оқу үлгерімі арасындағы байланыстың жоғары мәндері бойынша басқа аймақтардан күрт ерекшеленеді (Павлодар облысы кейбір факторлар бойынша ерекше болуы мүмкін, бірақ барлық параметрлер бойынша емес). Бұл белгілі бір дәрежеде басқа елді мекендерге қарағанда ірі қалалардағы білім беру ортасының өзгеру динамикасының жоғары болуымен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, үш ірі қаланың анықталған белгілері олардың маңызды сипаттамаларынан туындайды – олардың барлығы мемлекеттік картадағы нүктелік нысандар болып табылады, бұл олардың аумақтықтарға қарағанда серпінді екенін білдіреді. Мысалы, оларда ірі педагогикалық университеттерінің болуы (яғни білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамының жүйелі түрде жаңартылуы) және біртекті емес әлеуметтік топтармен халық тығыздығының жоғары болуы (қаржылық жағдайы, әлеуметтік жағдайы, этникалық құрамы және басқа да белгілері бойынша әр түрлі) ортаның өзгермелілігінің жоғары дәрежесіне әкеледі, яғни жаңа мұғалім, сыныптас пен оқу үдерісінің басқа да қатысушыларымен үнемі жаңа әлеуметтік байланыстарды құрып, коммуникативті дағдылардың дамуын білдіреді.

❗ ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫМДАР

Қазақстандағы 8-9 сынып оқушыларының үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтау кезінде, біздің ойымызша, оңтайлы нұсқа ең жоғары ішкі үйлесімділікпен сипатталатын 23 компонентті анықтау болып табылады.

Төменде есептелген факторлардың иерархиясы (жалпы өнімділік бойынша ең маңыздыдан маңыздылығы ең азға дейін), олардың құрамдас бөліктер бойынша құрамы (сауалнамадағы алғашқы мәлімдемелер) және жалпы үлгерім үшін әрбір есептелген фактордың нақты есептік маңыздылығы берілген. Мектеп оқушыларының жоғары нәтижелерінің құндылығы, алынған деректерге сәйкес, оқушының оқуға деген қызығушылығы мен оқушының өзін-өзі ұйымдастыру факторы болып табылады. Барлық басқа айнымалылар соңғы салмағы бойынша олардан екі немесе одан да көп есе төмен.

Салмағы бойынша есептелген факторлардың қорытынды классификациясы (жалпы оқу үлгеріміне әсері): ең күшті; күшті; орташа; әлсіз; нөл (оларды елемуге болады). «Салмақ» ұғымы «ортақтық» ұғымымен бірдей емес. «Салмақ» – берілген күрделі фактордың жалпы оқу үлгеріміне әсер ету дәрежесін сипаттайтын және бірліктің үлестерімен өлшенетін шама. «Ортақтық» – фактор ішіндегі компоненттердің (мәлімдемелердің) біртектілігі мен салыстырмалылығы, яғни осы мәлімдеменің нәтижелері жалпы фактор нәтижелері бойынша қаншалықты табиғи түрде жауап береді (26-кесте).

26-кесте – Қазақстандық оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететін факторлардың классификациясы

№	Фактор (жаңа күрделі айнымалы)	Құрамдас бөліктер (оптақтық көрсеткішінің кему реті бойынша)	Кoeffицент	Жалпы оқу үлгерімі үшін фактордың маңыздылығы
1	Оқушының оқуға қызығушылығының факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімнің сұрақтарына белсенді жауап беремін • Сабақта мұғалімдерден көмек сұраймын • Мұғалімдерден кері байланыс аламын • Оқудағы жетістіктерім үшін ұстаздардан мақтау аламын • Мен сабақта өз ойымды айтамын • Оқудағы жетістіктерім үшін отбасымнан мақтау аламын • Мұғалімдердің нұсқауларын орындаймын 	0,171	Өте күшті фактор

2	Оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыру факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Маған алдыңғы сыныптарда оқу қиын болды • Маған сабаққа көңіл бөлу қиынға соғады • Маған үй тапсырмасын орындау қиын 	0,12	Өте күшті фактор
3	Тәртіп деңгейінің төмендігі	<ul style="list-style-type: none"> • Ауырғаныма байланысты сабақты қалдырамын • Мен сабақты себепсіз қалдырамын 	0,073	Күшті фактор
4	Күйзеліске реакция факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Сынып алдында өз ойымды айтуға ұяламын • Сабақта тақтаға шығуға ұяламын • Мектеп емтихандарына/бақылауларына дайындалған кезде күйзелісте боламын 	0,059	Күшті фактор
5	Кітап оқу факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Үйде баспа кітаптарының болуы • Үлкендер үйде қаншалықты жиі оқиды? 	0,053	Күшті фактор
6	Қосымша білім алу факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Репетиторға барамын • Мектептен тыс уақытта қосымша үйірме мен секцияларға қатысамын 	0,052	Күшті фактор
7	Кәсіптік білім алу беделдігінің факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мен колледжде білім алуды беделді деп санаймын 	0,052	Күшті фактор
8	Мектепке мәжбүрлі бару факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-анамды ренжітпеу үшін мектепке барамын • Мен үйде қалмау үшін мектепке барамын 	0,048	Орташа күш факторы
9	Төмендеген тонус факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мен шаршағанымды сезбеймін • Мен алаңдамаймын 	0,045	Орташа күш факторы

10	Баланың білім алуына отбасының қатысу факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мен отбасымның мектеп өміріме деген қызығушылығын сезінемін • Менің отбасым білімнің қадірін түсінеді, соны айтады • Менің отбасым мені сенімді болуға шабыттандырады • Менің отбасым менің репетиторым немесе курстарым үшін төлей алады 	0,04	Орташа күш факторы
11	Үйде жұмыс кеңістігін орнату факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс үстелінің болуы • Өз бөлмесінің болуы • Компьютердің болуы (оқуға арналған) 	0,038	Орташа күш факторы
12	Өзсезінімі факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Денім сау екенін сезбеймін • Өзімді бақытты сезінбеймін • Өзіме сенімділікті сезбеймін 	0,037	Орташа күш факторы
13	Психологиялық көмек факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мектеп психологынан көмек сұраған жоқпын • Мектеп психологынан көмек сұрадым, бірақ кері байланыс алмадым 	0,037	Орташа күш факторы
14	Жанжалдық факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Отбасымның қаржылық жағдайына байланысты ыңғайсыз сезінемін • Менде мектепте жанжалдар болып тұрады • Үйде бағаға байланысты жанжалдар болып тұрады • Сыныптастарымның тілдік/этникалық ерекшеліктеріне байланысты өзімді жайсыз сезінемін 	0,036	Орташа күш факторы
15	Жақын ортамен қарым-қатынас факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Сыныптастармен қарым-қатынас • Достармен қарым-қатынас • Ата-аналармен/қамқоршылармен қарым-қатынас • Мұғаліммен қарым-қатынас • Тұған бауыларыммен қарым-қатынас 	0,034	Орташа күш факторы

16	Смартфонның болуы факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Ұялы телефонның болуы 	0,027	Орташа күш факторы
17	Жайлы мектеп ортасы факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мен мектебімді мақтан тұтамын • Маған мектептегі сабақтар ұнайды • Маған мектептегі қосымша іс-шара, секция мен үйірмелер ұнайды • Мен мектепке барғанды ұнатамын • Мен мектепте өзімді қауіпсіз және жайлы сезінемін • Мұғалімдер маған әділ қарайды 	0,023	Әлсіз фактор
18	Тілдік ортаның өзгермелілік факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Үйде және мектепте бір тілде сөйлеймін • Балабақшаға/ мектепке дейінгі білім беру ұйымына бардым 	0,019	Әлсіз фактор
19	Мектеп қауымдастығының ашықтық факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Менің мектебімде әртүрлі ұлттың оқушылары бар • Үздік және нашар оқитын оқушылар дос бола алады • Сабақтан қалсам, мені мектепте іздейді 	0,019	Әлсіз фактор
20	Аға ұрпақтың ықпалы факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-әжелермен қарым-қатынас 	0,017	мардымсыз фактор
21	Білім беру ортасындағы өзгермелілігі факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мен бір немесе бірнеше рет мектеп ауыстырдым • Мұғалімдерім жиі ауысады 	0,012	мардымсыз фактор
22	Медициналық шектеулер факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Менің созылмалы ауруым бар 	0,008	мардымсыз фактор
23	Үй-тұрмысымен айналысу факторы	<ul style="list-style-type: none"> • Мектептегі қиындықтарды отбасыма айтуға қорқамын • Отбасылық міндеттерге байланысты оқуға уақытым жоқ 	0,001	мардымсыз фактор

Шын мәнінде, салмақ = 0,171 оқушы жетістігінің 17%-ы қарастырылып отырған деректердің барлық жиынынан (олардың жалпы үлгеріммен өзара байланысы болса) осы факторға тәуелді екенін білдіреді. Егер барлық факторлардың жалпы үлгерімге әсерін 100% деп алсақ, онда екі ең күшті фактор 29%-ды құрайды - олар ең маңызды, бірақ абсолютті салмаққа ие емес, өйткені қалғандарының қосындысы 71%-ды құрайды. Күрделі мәселе – көптеген оқушылар білім алудың құндылығын түсінбейді және/ немесе оларға білім алу қиынға соғады. Бұл оқушының қызығушылығын, дарындылығын және бейімділігін анықтаудағы ерте кәсіптік бағдардың жоғары рөлін, сондай-ақ оған нақты мақсатқа жету үшін белгілі бір пәндерді меңгеру қажеттілігін тұжырымдау қажеттілігін тағы да көрсетеді. Өкінішке орай, зерттеуге қатысқан 10 000-нан астам мектеп оқушылары ата-аналарын ренжітпеу үшін ғана мектепке барады – бұл бұрыс уәждеме, және ол сындарлы мақсатпен ауыстырылуы керек.

23 жаңа күрделі фактордың 4-і іс жүзінде өз рөлін орындамайды және осы элементтердің жалпы жүйедегі нөлдік маңыздылығымен дәлелденеді. Бұл оларды алып тастауға және талданатын құбылысқа нақты (әлсіз болса да) әсер ететін 19 тиімді факторды ғана қалдыруға құқығымыз бар дегенді білдіреді. Бұл жағдайда маңыздылықтың болмауының себебі корреляциялық талдау сатысында өте төмен (нөлдік немесе нөлге жақын) нәтижелерді көрсеткен бастапқы мәлімдемелерді қосу болып табылады. Олардың жойылуы ешқандай өзгерістерге әкелмейді, өйткені аталған төрт елеусіз элементтің жалпы салмағы компоненттердің жалпы массасының 4%-нан аз.

Ұсыныстар ретінде білім беру қауымдастығы әзірлеуі тиіс бірқатар бағыттарды анықтау керек.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының оқу үлгерімін зерттеу бұл құбылыстың күрделілігі мен кешенділігін көрсетті. Оқушының оқудағы жетістігі ішкі және сыртқы факторлардың кең ауқымымен байланысты, олардың әрқайсысы баланың білім беру стратегиясын құру кезінде ескерілуі керек. Демек, ұсыныстардың әмбебап жиынтығын ұсыну қиын, бірақ назар аудару маңызды бірнеше негізгі мәселе бар.

1. Мектепке дейінгі мониторинг және кәсіптік бағдар беру жүйесін дамыту

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына ерте мониторинг жасау және кәсіптік бағдар беру жүйесін әзірлеу қажет. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, үлгерімі төмен оқушылардың көпшілігінде мектепке дейінгі білім беруде олқылықтар бар, нәтижесінде олар бастауыш және орта мектепте оқу үлгерімінің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, педагог пен басқа мектеп қызметкерлеріне мұндай олқылықтар туралы жиі ақпарат жетіспейді, бұл балаларға қажетті қолдау көрсетуге кедергі жасайды. Тиісінше, мектепке барар

алдында жүйелі мониторинг жүргізу ұсынылады, нәтижесінде қосымша білім алуды немесе арнайы мамандардың (мысалы, психолог, дефектолог, логопед және т.б.) қолдауын қажет ететін балаларды анықтауға болады.

Мұндай бастаманы жүзеге асыру үшін педагог пен басқа мектеп қызметкерлеріне жүйелі түрде бекітілген іс-әрекет алгоритмі қажет. Мұндай іс-әрекет алгоритмі, ең алдымен, «қауіп тобындағы» балаларды анықтау мүмкіндігін қамтиды, сонымен қатар педагогтер арасында қажетті кәсіби құзыреттіліктердің болуын болжайды. Басқаша айтқанда, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды бейімдеу бойынша мамандандырылған білім беру жүйесін және мамандарды дамытуды педагогтердің кәсіби базасын жетілдірмей жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл, ең алдымен, педагогикалық факультеттердің студенттері үшін тиісті білім беру бағдарламаларының және қызметтегі оқытушыларға арналған біліктілікті арттыру курстарының болуы.

Сонымен бірге, мектепке дейінгі мониторинг жеке бөлек бір іс-әрекет болмай, кәсіптік бағдар берудің жүйелі жұмысының бір бөлігіне айналуы тиіс. Бірыңғай білім беру жүйесінің бастапқы нүктесі ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мектеп жасына дейінгі балалардың білімге деген оң көзқарасын қалыптастыруда және оның құндылығын түсінуде шешуші рөл атқарады. Ерте кәсіптік бағдар беру жүйесін дамыту баланың әлеуметтік қарым-қатынасқа ену үдерісіне ықпал етіп, оның кәсіби өзіндік санасының кейінгі дамуы үшін маңызды негіз болады.

2. Мектеп пен ата-ана қауымы арасындағы өзара байланысты нығайту

Екінші ұсыныс алдыңғы тармақпен тығыз байланысты. Зерттеу нәтижелері оқуға деген уәждеменің болуы оқу үлгерімінің ең маңызды факторы екенін көрсетті. Сонымен қатар, халықаралық зерттеулерге сәйкес, оқуға деген уәждеме жеке мақсатты бағдарлаумен және өзін-өзі анықтаумен тікелей байланыста болады (Elliot, 1997). Басқаша айтқанда, оқушының тәрбиелік мақсаты неғұрлым айқын болса, соғұрлым уәждеме деңгейі жоғары болады. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі және ерте мектеп жасынан бастап тұрақты кәсіптік бағдардың болуы оқушының ішкі уәждемесімен күшейтілген оқу дағдыларының үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді.

Өзін-өзі анықтау теориясына сәйкес, ішкі уәждеме сыртқы факторлармен күшейтілуі керек (Reeve & Halusic, 2009; Ryan & Deci, 2002). Соған орай, отбасының қолдауы мен ата-ана қоғамының баланың мектеп өміріне белсенді қатысуы маңызды. Сонымен қатар, зерттеуге деректеріне сәйкес, балалардың 10%-дан астамы нашар бағалары туралы отбасына айтудан қорқады. Оқушының мектептегі үлгеріміне әсер ететін тағы бір фактор – отбасында бала білімінің құндылығы туралы түсініктің жетіспеуі. Зерттеу нәтижелері оқу үлгерімі төмен балалардың отбасыларында кітап оқу мәдениетінің төмен деңгейін көрсетті. Кітап оқу мәдениеті мен отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы арасындағы

байланысты біржақты анықтау мүмкін емес, бірақ көптеген зерттеулер табыс деңгейі отбасындағы құндылық жүйесіне тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Оқушылар, әсіресе, оқу үлгерімі төмен оқушылар үшін білімнің құндылығын ерекше атап өту маңызды және бұл үдерісте баланың отбасы ортасы басты рөл атқарады. Ата-аналар, қамқоршылар және баланың ең жақын туыстары «алтын үшбұрышты» (бала, мұғалім, ата-ана) дамыту үшін мектеппен қарым-қатынасты үнемі нығайтып отыруы қажет, бұл туралы өткен Өрлеу зерттеуінің нәтижелерінде айтылған (Тазабек, Турсунбаева және Щербиков, 2022).

